

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

2013 жылғы 1-тоқсан

Шілде, 2013

«Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы»

Редакторы:
Ақышев Д.Т.

Редактордың орынбасары:
Дюгай Н.Н.

кеңестің мүшелері:
Базарова С., Бухарбаева А.С.,
Цой С.К., Серимбетова С.К.

шығаруға жауапты:
Асанова Д.Б., Шабанова Н.Н.

Құрылтайшы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РМҚ

Басылым ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 20.08.2005ж. № 6562-Ж
бойынша тіркелген

Бұл жарияланымды Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы жиынтық борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау методологиясын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен бірге Қазақстаннан әкетілетін және Қазақстанға әкелінетін инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым қаңтар, сәуір, шілде және қазан айларында шығады. Екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер методологиясы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Қайта қарау тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректері жылына екі рет – жарты жылғы және бір жылғы төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және жалпы ішкі борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын сәуірде және қазанда жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде түскен ақпаратты, тіркеу шеңберінде алынған деректерді қосымша алу және валюта операциялары туралы хабарлау, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, ақпарат көздерінен алынған басқа деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні: 2013 жылғы 28 маусым.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен алуға болады:

мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Көктем-3 ш/а, 21-үй
телефондары: (727) 270-46-21 (төлем балансы)
270-46-40 (халықаралық инвестициялық позиция)
270-47-13 (жалпы сыртқы борыш)
электрондық почта: stsoy@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және жалпы сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған методологиялық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz/> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 1-тоқсандағы төлем балансы		4
Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 31 наурыздағы халықаралық инвестициялық позициясы		31
Қосымшалар:		
<i>I. қосымша.</i>	<i>Төлем балансына талдау кестелер.....</i>	<i>45</i>
I.1. қосымша	ҚР 2012 жылғы және 2013 жылғы 1-тоқсандағы сыртқы сауда айналымы.	45
I.2. қосымша	Ресми статистика деректері бойынша экспорттың және импорттың құрылымы.....	46
I.3. қосымша	Жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны талдау және сандық жеткізулер.....	47
I.4. қосымша	Ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы.....	48
I.5. қосымша	2011-2013 жылдардағы 1-тоқсан үшін кеңейтілген жіктеу бойынша Қазақстан Республикасы халықаралық қызмет көрсету балансы.....	49
I.6. қосымша	Сыртқы сауда қызметінің географиялық құрылымы	50
I.7. қосымша	Бастапқы кірістер балансы	51
I.8. қосымша	2012-2013 жылдардағы 1-тоқсан үшін жеке трансферттер (жеке тұлғалардың ақша аударымдары)	52
I.9. қосымша	Қаржы шотының ағындары (талдамалық ұсыну).....	53
I.10. қосымша	Қысқа мерзімді капитал ағындары	54
I.11. қосымша	Нақты тиімді айырбас бағамының индексі	55
I.12. қосымша	Мұнай саудасын есептемегенде нақты тиімді айырбастау бағамының индексі	56
I.13. қосымша	Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі.....	57
II. қосымша Инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы		58
II.1. қосымша	Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы	58
II.2 қосымша	Елдер бойынша Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы	60
II.3. қосымша	Қазақстан резиденттерінің олардың экономикалық қызмет түрлері және негізгі елдер бойынша сыртқы міндеттемелері	63
II.4. қосымша	Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағыны	66
II.5. қосымша	Елдер бойынша шетелдік тікелей инвесторлардан Қазақстанға тікелей инвестициялардың жалпы ағыны	68
II.6. қосымша	Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдегі тікелей инвестицияларының жалпы ағыны	71
II.7. қосымша	Елдер бойынша қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдегі тікелей инвестицияларының жалпы ағыны	73

<i>III қосымша</i>	<i>Төлем балансына және халықаралық инвестициялық ұстанымға методологиялық түсіндірме...</i>	<i>75</i>
<i>IV қосымша</i>	<i>Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы</i>	<i>80</i>
<i>V қосымша</i>	<i>Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері</i>	<i>84</i>
<i>VI қосымша</i>	<i>5ТБН салыстырғанда 6ТБН-ның талаптары өзгеруінің қысқаша тізбесі</i>	<i>89</i>
<i>Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 31 наурыздағы сыртқы борышы ...</i>		<i>90</i>
<i>1-қосымша. Сыртқы борышты стандарттық ұсыну</i>		<i>95</i>
<i>2-қосымша. Сыртқы борыштың абсолюттік және салыстырмалы өлшемдері</i>		<i>97</i>
<i>3-қосымша. 2013 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша бар сыртқы борышқа (СБ) қызмет көрсету бойынша төлемдердің кестесі</i>		<i>98</i>
<i>4-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: секторлар бойынша мерзімі бойынша өтеуге дейін қалған қысқа мерзімді борыш</i>		<i>99</i>
<i>5-қосымша. Ұлттық және шетел валютасындағы жалпы сыртқы борыш</i>		<i>101</i>
<i>6-қосымша. Жалпы сыртқы борыштың жай-күйі: Шетел валютасындағы сыртқы борыш</i>		<i>102</i>
<i>7-қосымша. Сыртқы борыштың жай-күйі: резиденттер шығарған және резидент еместерге эмиссия орны бойынша тиесілі борыштық бағалы қағаздар</i>		<i>103</i>
<i>8-қосымша. Елдер бойынша сыртқы борыш</i>		<i>104</i>
<i>9-қосымша. Резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы сыртқы борыш</i>		<i>106</i>
<i>10-қосымша. 2013 жылғы I тоқсанда жасалынған мемлекеттік емес сыртқы қаржылық заемдар мониторингінің нәтижелері</i>		<i>108</i>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

2013 жылғы 1-тоқсандағы


ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

2013 жылға дейін Қазақстанның сыртқы секторының статистикасын қалыптастыру Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) төлем балансы жөніндегі нұсқаулығына, 1993 жылы шығарылған 5-ші басылым (бұдан әрі - 5ТБН), сәйкес жүзеге асырылды. 2013 жылғы 1-тоқсанның есептерінен бастап Ұлттық Банк жаңа халықаралық стандарттарға сәйкес келуді қамтамасыз ету мақсатында сыртқы экономикалық статистиканы ХВҚ-ның жаңа әдіснамасы – Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі нұсқаулық, 2009 жылғы 6-шы басылым (бұдан әрі – 6ТБН) бойынша қалыптастыруға көшті. Сыртқы сектор статистикасының жаңа әдіснамасына көшу туралы толық түсініктеме Ұлттық Банктің 2013 жылғы 28 маусымдағы №25 баспасөз релизінде жарияланды. 5ТБН-мен салыстырғанда 6ТБН талаптарына өзгерістердің қысқаша тізбесі VI Қосымшада келтірілген.

Ағымдағы операциялар шоты

Сауда операцияларының нәтижелері 2013 жылғы бірінші тоқсанда республиканың ЖІӨ-нен шамамен 1,9 млрд.долл.¹ немесе 4,1% (2012 жылғы бірінші тоқсандағы ЖІӨ-нен 3,2 млрд.долл. немесе 8,0%) болатын ағымдағы операциялар шоты профицитінің айтарлықтай қысқаруына ықпал етті.

1-диаграмма. Ағымдағы шоттың негізін құрайтындар



Қаралып отырған кезеңдегі сауда балансының оң сальдосы өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 10,1 млрд. долл. дейін 17,5%-ға төмендеді. Қызмет көрсетумен (10,7%) және кірістермен (10,6%) операциялар бойынша теріс дисбаланстар қысқарған кезде ағымдағы шот профицитінің азаюына белгілі үлесті трансферт операциялары қосты. Қайталама кірістер балансының тапшылығы базалық кезеңдегі² 41 млн. доллардан есепті кезеңдегі 237 млн. долл. дейін ұлғайды (1-диаграмма).

¹ Осы жерде және бұдан әрі мәтін бойынша - АКШ доллары

² Осы жерде және бұдан әрі есепті кезең ретінде - 2013 жылғы 1-тоқсан, ал базалық кезең – 2012 жылғы 1-тоқсан.

Сыртқа сауда және сауда балансы

Төлем балансын жіктеу бойынша сыртқы сауда айналымы (ресми статистиканың деректеріне түзетулерді ескере отырып) 2013 жылғы 1-тоқсанда 30,5 млрд.долл. болды, өткен жылғы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 0,7 млрд. долл. (2,4%) асып кетті. Тауарлар экспорты 20,3 млрд.долл., ал олардың импорты – 10,2 млрд.долл. (базалық кезеңде тиісінше 21,8 млрд.долл. және 9,5 млрд.долл.) болды.

Уәкілетті органдар тіркеген **тауарлар экспорты** есепті жылы 20,1 млрд.долл. астам болды, бұл базалық кезеңдегі ресми экспорттан 7,8% төмен.

Талданып отырған кезеңде минерал өнімдерінің тауар экспортының жалпы көлеміндегі үлесі базалық кезеңмен салыстырғанда 3,6%-дан 80,1%-ға дейін өсті, нәтижесінде экспорттың тауарлық шоғырлану коэффициенті 2012 жылғы 1-тоқсанның қорытындылары бойынша 77,7% қарсы 2013 жылғы 1-тоқсанда 80,9% болды. 1,7% қысқаруға қарамастан экспорттың көлемі бойынша екінші орынды түсті металлургия өнімі алады, оның үлесі 7% болды. Құндық экспортта үлес салмағының 2,6%-ға қысқаруы кезінде үшінші позицияда қара металдар бар - 4%. Астық өнімінің үлесі 0,8%-ға түсті және есепті кезеңде 1,5% болды.

Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы орташа алғанда 2013 жылғы 1-тоқсанда баррель үшін 112,9 долл. болды, бұл оның базалық кезеңдегі орташа деңгейінен 4,8% аз (баррель үшін 118,6 долл.). Сонымен қатар қазақстандық мұнай экспортының орташа келісімшарт бағасы есепті кезеңде базалық кезеңдегі бір тонна үшін 823,8 долл. мұнайдың экспорттық бағасымен салыстырғанда бір тонна үшін 829,4 долл. дейін ұлғайды. Негізгі экспорттық өнімді нақты жеткізу өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 0,2 млн. тонн қысқарды, тиелген мұнай экспортының көлемі ағымдағы жылғы 1-тоқсанда 13,4 млрд.долл. сомаға 16,2 млн.тонна болды.

Баға және сан факторларының ресми экспорттың құнына ықпалын талдау базалық кезеңмен салыстырғанда жиынтық экспорттың 8%-ға қысқаруы нақты көлемнің 3%-ға құлдырауы және орташа келісімшарт бағасының на 5%-ға қысқаруы есебінен болғандығын көрсетеді (1-кесте).

1-кесте

Баға факторының және нақты жеткізу көлемі өзгерісінің экспорттың құнына ықпалы
(2013 жылғы 1-тоқсандағы 2012 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда ресми статистика деректері бойынша)

Тауарлар тобы	Экспорт, млн. АҚШ долл.		Өзгерісі (өсімі (+), төмендеуі (-))	оның ішінде өзгеру есебінен	
	1-тоқсан 2013	1-тоқсан 2012		баға	нақты көлем
Барлық тауарлар	20 175,0	21 877,0	-8%	-5%	-3%
Негізгі номенклатура	19 400,3	21 261,8	-9%	-4%	-5%
Минерал өнімдер	16 157,1	16 726,2	-3%	-5%	1%
<i>оның ішінде мұнай және газ конденсаты</i>	<i>13 656,7</i>	<i>13 738,4</i>	<i>-1%</i>	<i>1%</i>	<i>-1%</i>
Қара металдар	812,6	1 443,6	-44%	-7%	-39%
Түсті металдар	1 418,6	1 919,7	-26%	-2%	-25%
Астық	310,3	509,9	-39%	56%	-61%
Басқа тауарлар	774,7	615,2	26%	-25%	57%

Астық бойынша бағаның ең көп өсуі байқалды. Есепті тоқсанның қорытындылары бойынша астықтың әлемдік бағасы базалық кезеңмен салыстырғанда 15,3%-ға ұлғайып, бір тонна үшін 321,4 долл. болды. Әлемдік бағаның ізінше бидайдың орташа келісімшарт бағасы базалық кезеңмен салыстырғанда бір тонна үшін 301,1 долл. дейін 56,2% өсті. Бұл ретте астықтың сандық көлемінің 61%-ға қысқаруы осы өнімнің құндық экспортының 39%-ға төмендеуіне себепші болды.

Қазақстандық экспорттың географиялық құрылымында ресми тіркелетін экспорттың 60,5% – Еуропа елдеріне, Азия аймағына – 19,8% және ТМД мемлекеттеріне – 15,4% тиесілі. Елдік бөлуде қазақстандық экспорттың негізгі тұтынушылары бойынша бірінші орында бұрынғысынша Италия (19,7%), екінші орында Қытай (14,3%) қалды, одан кейін, Нидерланды (12,1%) және Ресей Федерациясы (8,2%) және Франция (7,4%) тұр.

Ресми статистика деректері бойынша **тауарлар импорты** есепті кезеңде 9,6 млрд. долл. астам болды, бұл базалық кезеңдегі деңгейден 7,1% жоғары.

Азық-түлікке жатпайтын импорттың өсуі импорт құнының ұлғаюына барынша айтарлықтай үлес қосты, оны жиынтық әкелу базалық кезеңмен салыстырғанда 29,3% өсті. Есепті тоқсанда аралық импорт импорттың жалпы көлеміндегі 38,1% үлеспен 3,6 млрд.долл. астам болды. Аралық импорт құнының ең көп өсуі мұнай және газ конденсаты бойынша 767,8 млн. долл. дейін 30% болып белгіленді.

Базалық кезеңмен салыстырғанда жиынтық импорттың 7%-ға ұлғаюы тек сандық фактормен қамтамасыз етілді. Бұл ретте импорттың барлық топтары бойынша бағаның төмендеуі байқалады (2-кесте).

2-кесте

Бағалар мен нақты жеткізу көлемі өзгерісінің импорттың құнына ықпалы

(2013 жылғы 1-тоқсандағы 2012 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда ресми статистика деректері бойынша)

Тауарлар тобы	Импорт, млн. АҚШ долл.		Өзгерісі (өсімі (+), төмендеуі (-))	Оның ішінде өзгеру есебінен	
	1-тоқсан 2013	1-тоқсан 2012		баға	нақты көлем
Барлық тауарлар	9 626,0	8 988,4	7%	-24%	31%
Тұтыну тауарлары	2 465,1	2 047,9	20%	-30%	52%
Азық-түлік тауарлары	818,3	774,2	6%	-3%	8%
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	1 646,8	1 273,7	29%	-38%	70%
Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарлары	3 670,3	3 315,6	11%	-10%	23%
Инвестициялық тауарлар	3 277,4	3 379,1	-3%	-32%	29%
Басқа да тауарлар	213,2	245,7	-15%	-28%	18%

Импорттың географиялық құрылымында жиынтық импорттың 46,3% – біріншілікті ТМД мемлекеттері сақтап отыр, тиісінше 18,6% және 27,4% Еуропа және Азия елдеріне тиесілі. Жекелеген елдердің бөлігінде жиынтық импорттағы үлестің 39%-дан 37,3%-ға дейін қысқаруымен жетекші позиция Ресей Федерациясында қалып отыр, екінші орында Қытай (16,6%), бұдан әрі АҚШ (4,9%) тұр, Украинаның және Германияның үлестері 4,4% болды.

Базалық кезеңмен салыстырғанда импорт бағасының өзгеруіне экспорт бағасының өзгеруі қатынасы ретінде есептелінетін сауда талаптарының орташа алынған индексі есепті кезеңде 3% төмен болды. Бұл ретте қазақстандық экспорт бағасының жиынтық индексі 1% аз болды, ал импорттық баға индексі базалық кезеңдегі осындай көрсеткішпен салыстырғанда 2%-ға ұлғайды (3-кесте).

3-кесте

Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі (өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда пайызбен)

	1-тоқ. 2012 ж.	2012 ж. 2- тоқ.	2012 ж. 3-тоқ.	2012 ж. 4- тоқ.	2012 ж.	2013 ж. 1-тоқ.
Экспорттық бағалар	12	1	-9	-2	0	-1
Импорттық бағалар	5	-13	1	-1	-2	2
Сауда талаптары	8	17	-9	-1	3	-3
<i>Оның ішінде Еуро аймақ елдері</i>						
Экспорттық бағалар	18	4	-10	-1	3	0
Импорттық бағалар	14	-7	-10	1	-1	15
Сауда талаптары	5	13	0	-2	4	-15
<i>Ресей</i>						
Экспорттық бағалар	16	5	-17	-19	-4	-14
Импорттық бағалар	2	-18	1	3	-3	-5
Сауда талаптары	16	26	-24	-21	-1	-8

Сауда талаптарының жақсару салдарынан қазақстандық шикізат тауарларының негізгі тұтынушылары *Еуропалық Монетарлық Одақ мемлекеттерімен* тауар айналымы базалық кезеңмен салыстырғанда 2,4% ұлғайды. Бұл ретте осы бағыттағы экспорт мүлдем өзгерген жоқ, ал импорт 25% өсті, нәтижесінде ЕМО мемлекеттерімен сауда операцияларының оң сальдосы базалық кезеңмен салыстырғанда 8,3 млрд.долл. сомада қалыптасып, 3%-ға қысқарды.

Ресей Федерациясына экспорттық ағындардың 8,5% өсуі және импорттық жеткізулердің 2,5% ұлғаюы кезінде Ресеймен сауда айналымы 5,2 млрд.долл. болды, бұл базалық кезеңге қарағанда 4,3% көп. Сауда операцияларының теріс дисбалансы 1,9 млрд. долл. деңгейінде қалыптасып, 2% қысқарды.

Кеден одағы елдеріне тауарлардың ресми экспортының құны ағымдағы жылғы 1-тоқсанда 2012 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 7,1%-ға ұлғайды. Тауарлардың одақтас мемлекеттерден жиынтық әкелінуі 2%-ға өсті.

Қамту бойынша түзетулер. Жеке тұлғалардың ресми статистикада тіркелмейтін операциялар бойынша тауар айналымы (яғни «бақал» сауда) есепті кезеңде 1 млрд. долл. астам сомаға бағаланды, бұл базалық кезеңге қарағанда 13,3% көп. 148,5 млн.долл. экспорт және 912,1 млн.долл. импорт кезінде осы операциялар бойынша теріс сальдо базалық кезеңдегі 670,5 млн. долл. салыстырғанда 763,6 млн.долл. дейін ұлғайды.

Кедендік бақылау комитетінен алынған жеке тұлғалардың жеке пайдалануына арналған кедендік кіріс ордерлерін (ККО) ресімдей отырып жеңіл автомобильдері әкелуі туралы деректердің негізінде есепті кезеңде 13,2 млн.долл. сома ресми импорт құнына толықтырып есептеу жүргізілді.

Қаралып отырған кезеңде әріптес елдердің табиғи газ жеткізу туралы деректері бойынша 89 млн.долл. сома ресми импорт құнына толықтырып есептеу жүргізілді.

Нәтижесінде қамту, жіктеу (СИФ импортының құнын ФОБ типі бойынша құнына қайта есептеу) және тауарларды жөндеу және порттарда көлік ұйымдары сатып алатын тауарлар құны бойынша түзетулерді ескере отырып, **сауда балансының** оң сальдосы есепті тоқсанда базалық кезеңдегі 12,2 млрд.долл. қарсы 10,1 млрд.долл. болды.

Халықаралық қызмет көрсету балансы

Есепті кезеңде қызмет көрсету балансының тапшылығы базалық кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда 10,7%-ға төмендеп, 1,4 млрд. долл. болып қалыптасты. Егер қызмет көрсету экспорты мүлдем өзгермесе, онда олардың импорты резидент еместердің құрылыс қызметінің 6,3%-ға азаюы есебінен қысқарды, бұл Қашаған кен орнындағы өндіріс объектілері құрылысының аяқталуына байланысты (4-кесте).

4-кесте

Халықаралық қызмет көрсету балансының құрамдас бөліктері (2012 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы 1-тоқсан)

млн. АҚШ долл.

	Экспорт		Өзгерісі (өсімі (+), төмендеуі (-))	Импорт		Өзгерісі (өсімі (+), төмендеуі (-))
	1-тоқсан 2012	1-тоқсан 2013		1-тоқсан 2012	1-тоқсан 2013	
БАРЛЫҒЫ	1 049,27	1 053,55	0,4%	2 648,48	2 481,95	-6,3%
Жөндеу бойынша қызмет және техникалық қызмет көрсету	1,12	0,60	-47%	8,48	7,89	-7%
Көлік қызметі (тасымалдаулар)	598,66	573,13	-4%	536,87	561,80	5%
Сапарларға байланысты қызмет көрсету	247,28	293,13	19%	342,13	385,50	13%
Құрылыс	2,69	1,69	-37%	707,17	395,99	-44%
Сақтандыру және зейнетпен қамсыздандыру саласындағы қызмет көрсету	18,23	4,38	-76%	49,96	22,81	-54%
Қаржылық қызмет	8,14	4,79	-41%	34,52	163,29	4 раза
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызмет көрсету	29,55	27,50	-7%	49,53	63,63	28%
Зияткерлік меншікті пайдаланғаны үшін ақы төлеу	0,00	0,00	-	35,20	32,03	-9%

Басқа да іскерлік қызмет көрсету	91,43	100,27	10%	845,66	799,41	-5%
Жеке тұлғаларға қызмет көрсету және мәдениет пен демалыс саласындағы қызмет көрсетулер	0,26	0,34	34%	12,27	17,48	43%
Мемлекеттік қызмет	51,92	47,72	-8%	26,70	32,13	20%

Қазақстанның халықаралық сауда қызметінің географиялық құрылымында есепті кезеңнің қорытындылары бойынша сыртқы сауда қызметінің 35,7%-ы ТМД елдеріне тиесілі, Еуропа және Азия елдерінің үлесі, тиісінше 26,9% және 17,6% болды.

Қазақстандық қызметті негізгі тұтынушылары экспорттың көлемінде 31,3% – Ресей Федерациясы болып табылады, одан кейін Қытай (12,3%), Өзбекстан (11,0%), Қырғызстан (5,7%) және Ұлыбритания (5,1%) тұр.

Қызмет көрсету импортының елдік құрылымында АҚШ (12,8%), Ресей Федерациясы (10,0%), Ұлыбритания (8,8%), Қытай (8,0%) және Италия (6,6%) басымдыққа ие болды.

Бастапқы кірістер балансы

Есепті кезеңде 6,6 млрд. долл. болған бастапқы кірістердің теріс сальдосы шетелдік тікелей инвесторларға, тікелей инвестициялау кәсіпорындарына және тел компанияларға тікелей инвестициялардан кірістер төлеудің базалық кезеңдегі 6,6 млрд. долл. есепті кезеңдегі 6,1 млрд. долл. дейін қысқаруы есебінен базалық кезеңмен салыстырғанда 10,6% қысқарды. Резидент еместерге еңбек және капитал қызметін көрсетуден алынатын кірістер базалық кезеңмен салыстырғанда 565 млн. долл. қалыптасып 24,2%-ға ұлғайды. Резидент еместерге төлем кірістері 7,2 млрд. долл. дейін (базалық кезеңде 7,9 млрд. долл.) 8,6% төмендеді.

Еңбекақы төлеу. Резидент емес қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу бойынша теріс дисбаланс есепті кезеңде 396 млн. долл. болды, бұл базалық кезеңдегі осындай көрсеткіштен 20,2% төмен. Шетелде жұмыс істейтін резиденттердің және республика аумағында шетелдік елшіліктерге және халықаралық ұйымдарға жұмысқа тартылған Қазақстан азаматтарының еңбегіне ақы төлеу 1,0 млн. долл. бағаланды. Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік азаматтардың кірістері 20,1% төмендеді, бұл ретте қазақстандық кәсіпорындар жұмысқа тартқан резидент еместердің есептелген жалақысы базалық кезеңмен салыстырғанда 149,1 млн.долл. дейін 43,8%-ға қысқарды. ТМД елдерінен ресми емес түрде жұмыс істейтін еңбек иммигранттарының жалақысын бағалау 248,1 млн.долл. болды.

Инвестициялардан түскен кірістер. Инвестициялық кірістер балансының тапшылығы базалық кезеңдегі осындай көрсеткішпен салыстырғанда 9,9%-ға төмендеп, есепті кезеңде 6,3 млрд. долл. болды (5-кесте).

5-кесте

Құралдардың түрлері бойынша инвестициялардан түскен кірістер

млн. АҚШ долл.

	1-тоқ. 2010	1-тоқ. 2011	1-тоқ. 2012	1-тоқ. 2013
Алуға кірістер	590,7	570,9	418,9	528,8
Тікелей инвестициялар	26,1	3,4	30,0	73,6
Жеке сектордың портфельдік инвестициялары	31,9	40,4	41,7	44,1
Резидент еместерге кредиттер	336,4	282,1	112,2	109,0
Жеке сектордың шетелік банктердегі депозиттік және корреспонденттік шоттары	17,0	12,9	9,9	7,9
ҚҰБ халықаралық резервтері және Ұлттық қордың активтері	179,2	231,9	223,9	293,5
Басқа да инвестициялық кірістер	0,1	0,2	1,2	0,5
Төлемге кірістер	4503,0	6634,7	7368,2	6789,7
Тікелей инвестициялар	3891,5	5878,2	6624,5	6096,2
Портфельдік инвестициялар	84,4	404,8	393,4	310,0
Резидент еместерден кредиттер	515,0	338,2	333,4	369,4
Резидент еместердің қазақстандық банктердегі депозиттік және корреспонденттік шоттары	11,4	12,5	15,7	12,9

Басқа да инвестициялық кірістер	0,7	1,0	1,1	1,2
Инвестициялық кірістер балансы	-3912,3	-6063,8	-6949,4	-6261,0

Ұлттық Банктің халықаралық резервтерінен түскен ҚР Ұлттық Банкінің кірістері есепті кезеңде 82,8 млн. долл. болды. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын (210,7 млн. долл.) шетелдік активтерге орналастырудан түскен кірістер есебінен 195,2 млн. долл. болып қалыптасқан ҚР Үкіметінің кірістері (нетто) базалық кезеңмен салыстырғанда 25,9%-ға ұлғайды (6-кесте).

6-кесте

Инвестициялық кірістер балансын экономиканың секторлары бойынша бөлу

млн. АҚШ долл.

	1-тоқ. 2010	1-тоқ. 2011	1-тоқ. 2012	1-тоқ. 2013
Инвестициялық кірістер балансы	-3912,3	-6063,8	-6949,4	-6261,0
<i>Орталық Банк</i>	45,4	71,6	53,0	82,8
Алуға кірістер	45,4	71,6	53,0	82,8
<i>Банктер</i>	-57,3	8,5	-205,9	-182,5
Алуға кірістер	349,6	268,5	104,2	83,6
Төлемге кірістер	406,8	260,0	310,1	266,1
<i>Мемлекеттік басқару секторы</i>	124,1	143,9	155,0	195,2
Алуға кірістер	133,9	160,4	170,9	210,7
Төлемге кірістер	9,8	16,5	15,9	15,5
<i>Басқа секторлар</i>	-4024,4	-6287,8	-6951,4	-6356,5
Тікелей инвестициялау операцияларынан алуға нетто-кірістер	22,1	8,3	17,9	65,9
Тікелей инвестициялау операцияларынан төлемге нетто-кірістер	3865,1	5944,8	6609,3	6026,5
Алуға басқа да кірістер	39,8	62,2	72,9	85,8
Төлемге басқа да кірістер	221,2	413,5	432,9	481,6

Есепті кезеңде банк секторы бойынша төлемге кірістер базалық кезеңнің қорытындылары бойынша 310,1 млн. долл. салыстырғанда 266,1 млн. долл. болды. Банктер тартқан қаржы инвестициялары бойынша сыйақы төлеу 198 млн. долл. дейін 32,7% төмендеді, оның ішінде қазақстандық банктер эмиссиялаған борыштық бағалы қағаздар бойынша 135,6 млн.долл. есептелді, ал несиелер мен қарыздарға қызмет көрсетуге 49,7 млн. долл. жұмсалды.

Банк секторының шетелдік активтерден алуға кірістер 83,6 млн. долл. болып 19,8%-ға қысқарды, олардың 51,2 млн. долл. жуығы резидент еместерге ұсынылған кредиттер бойынша есептелді.

Басқа секторлардың операциялары бойынша теріс дисбаланс базалық кезеңдегі деңгеймен салыстырғанда 8,6%-ға қысқарып, 6,4 млрд. долл. болды. Тікелей инвестициялау қатынастарына байланысты емес кредиторларға сыйақы төлеу 9,9%-ға ұлғайған кезде (базалық кезеңдегі 360,0 млн. долл. бастап есепті кезеңдегі 395,9 млн. долл. дейін) тікелей инвестициялау операцияларынан нетто-кірістер 9,6%-ға төмендеп, 6,0 млрд. долл. болды.

Қайталама кірістер (ағымдағы трансферттер)

Қайталама кірістер балансының жай-күйі мемлекеттік басқару секторы трансферттік операцияларының және жеке тұлғалардың өтеусіз ақша аударымдарының динамикасымен айқындалады. Базалық кезеңге қарағанда, есепті тоқсанда Кеден одағының басқа елдеріне аударылған кедендік әкелу баж сомалары, аз болса да, олардың одақтас мемлекеттерден келіп түскендерінен артық болды. Нәтижесінде мемлекеттік сектордың қайталама кіріс балансының оң сальдосы 171,9 млн.долларға дейін 100 млн.долларға қысқарды.


Басқа секторлардың трансферттік операцияларының балансы әдеттегідей есепті кезеңде 408,8 млн.долл. құраған тапшылыққа сәйкес келтірілді, бұл базалық кезеңнің осындай көрсеткішінен 30,7% артық. Шетелден алынған жеке тұлғалардың өтеусіз аударымдары базалық кезеңдегі 33,2 млн.доллардан есепті кезеңнің қорытындысы бойынша 41,4 млн.долларға дейін ұлғайды. Республикадан тыс жерлерге жеке аударымдар 388,7 млн.долл. сомасына жіберілді, бұл базалық кезеңге қарағанда 13,7% артық.

Жалпы алғанда, ағымдағы трансферттердің теріс сальдосы базалық кезеңмен салыстырғанда 5,8 есе өсіп, 237 млн.долл. жуық сомада қалыптасты.

Қаржы шоты

Есепті кезеңде қаржы операциялары шоты бойынша (резервтік активтерді қоспағанда) базалық кезеңдегі 0,5 млрд. долл. теріс сальдомен салыстырғанда, 0,7 млрд. долл. мөлшерінде оң сальдо қалыптасты

2-диаграммада құрылымындағы құралдары көрсетілген қаржы операциялары шотының динамикасы көрсетілген.



Қаржы шотының оң сальдосы ҚР Ұлттық Қорының шетелдік активтерінің өсуімен (жаңа әдістемеге сәйкес ҚРҰҚ активтері Мемлекеттік басқару органдары секторына жатқызылды), басқа секторлар міндеттемелерінің өсуімен ішінара өтелген қазақстандық банктердің және банктік емес сектор кәсіпорындарының (басқа секторлар ретінде жіктеледі) қаржы активтерінің өсуімен қамтамасыз етілді (7-кесте).

7-кесте

Экономика секторлары бойынша қаржы шотының балансы

("+" - активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	1 тоқ. 2010	1 тоқ. 2011	1 тоқ. 2012	1 тоқ. 2013
Қаржы операциялары шотының балансы (резервтік активтерді есепке алмағанда)	1065,4	-2960,8	-549,5	677,1
<i>Орталық Банк</i>	-333,8	-2460,9	-87,9	-73,5
Қаржы активтерін таза сатып алу	-1,0	2,5	1,7	-1,2
Міндеттемелерді таза қабылдау	332,8	2463,4	89,5	72,3
<i>Банктер</i>	2310,3	-1946,6	859,1	1975,0
Қаржы активтерін таза сатып алу	-905,0	-2351,0	586,9	1020,5
оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша	0,5	-4,9	-2,2	0,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	-3215,3	-404,4	-272,2	-954,5
оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша	242,8	-52,1	46,9	70,4
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	1431,3	2611,3	3945,5	2563,5
Қаржы активтерін таза сатып алу	1482,6	2625,9	3922,2	2438,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	51,3	14,6	-23,3	-125,1
<i>Басқа секторлар</i>	-2342,4	-1164,6	-5266,2	-3788,0
Қаржы активтерін таза сатып алу	960,4	4142,5	692,9	1904,3
оның ішінде тікелей инвестициялау	65,3	1507,6	677,3	1847,7

<i>операциялары бойынша</i>				
Міндеттемелерді таза қабылдау	3302,8	5307,2	5959,2	5692,2
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	3405,6	4071,7	5766,6	3993,3

Тікелей инвестициялар

Есептік кезеңдегі *тікелей инвестициялау* операциялары бойынша қалыптасқан 2,2 млрд. долл. теріс сальдо шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) бойынша міндеттемелердің олар бойынша активтерден артық болғанын көрсетеді. «Активтер мен міндеттемелер» қағидаты бойынша есепке алғанда тікелей инвестициялар бойынша қаржы активтерін таза сатып алу 1,8 млрд. долл., ал міндеттемелерді қабылдау 4,1 млрд. долл. болды

Тікелей инвестициялау операциялары бойынша қаржы активтерін таза сатып алу (қаржы активтерінің өсуі) көбінесе қаржылық қызмет көрсету және сақтандыру бойынша қосымша қызметті жүзеге асыратын қазақстандық кәсіпорындардың тікелей инвестициялау жөніндегі шетелдік кәсіпорындарының (шетелдік филиалдарының және еншілес ұйымдарының) капиталын ұлғайтуына байланысты болды.

ШТИ бойынша міндеттемелерді таза қабылдау (міндеттемелердің өсуі) ең алдымен қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік бас компанияларының алдындағы фирмааралық берешегінің 2,2 млрд. долл. (базалық кезеңде 2,9 млрд. долл.) ұлғаюымен, сондай-ақ олардың капиталының 1,0 млрд. долл. өсуімен (базалық кезеңде 2,4 млрд. долл.) қамтамасыз етілді. Сонымен бірге, ШТИ бойынша міндеттемелердің өсуі сондай-ақ кірістерді 922,9 млн. долл. қайта инвестициялау, яғни қазақстандық кәсіпорындардың бөлінбеген пайдадағы шетелдік инвесторлардың үлесі есебінен де қамтамасыз етілді.

«Салым бағыттары» қағидаты бойынша тікелей инвестицияларды есепке алу тұрғысынан шетелдік инвесторлардан ***Қазақстанға ШТИ жалпы әкелінуі***³ базалық кезеңге қарағанда 9,2%-ға төмендеп, 6,6 млрд. долл. (базалық кезеңде 7,3 млрд. долл.) құрады. Инвестициялаудың негізгі салалары бойынша *көтерме және бөлшек саудаға, автокөлікті жөндеуге* ШТИ салымдары 3 есеге жуық ұлғайды (376 млн. доллардан. 1,1 млрд. долларға дейін.), *шикі мұнай мен табиғи газ өндіруге* 1,8%-ға ұлғайды. *Геологиялық барлау мен іздестіру жүргізу жөніндегі қызметке* ШТИ салымы 1,4 млрд. долларға дейін 10,5%-ға (базалық кезеңде 1,6 млрд. долл.) қысқарды, *ақпарат және байланысқа* – 8,5 есе. Сондай-ақ, 2013 жылғы бірінші тоқсанда *металлургия өнеркәсібі, машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарының өндірісіне* жоғары ШТИ салымдары байқалды, олар базалық кезеңдегі 285 млн. долл. салыстырғанда, есепті кезеңде 707 млн. долл. болды.

Елдер бойынша шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы әкелуінің құрылымында бұрынғыдай Нидерланд (ШТИ жалпы түсімдерінің 30,0%) алда келеді, бұдан әрі үлкен үзіліспен Швейцария (9,4%), Қытай (8,4%), АҚШ (8,1%), БАӘ (7,1%), Ресей Федерациясы (4,4%), Франция және Виргин (Британ) аралдары Бельгия (3,8%), Канада (3,3%), Германия (3,0%), Ұлыбритания (2,4%), Виргин (Британдық) аралдары (3,9%-дан), Белгия (3,5%) және Канада (3,0%) ілесті.

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Портфельдік инвестициялар бойынша активтердің өсуі олар бойынша міндеттемелердің өсуінен артық болуы нәтижесінде *портфельдік инвестициялар бойынша* оң сальдо 2,4 млрд. долл. құрады.

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтерін 2,9 млрд. долл. ***таза сатып алу*** (активтердің өсуі) негізінде операциялары *Мемлекеттік басқару органдары* секторында көрсетілетін ҚР Ұлттық Қорының шетелдік активтерінің 2,7 млрд. долларға өсумен қамтамасыз етілді (8-кесте).

8-кесте

Экономика секторлары бойынша портфельдік инвестициялар бойынша операциялар

млн. АҚШ долл.

	1-тоқ. 2010	1-тоқ. 2011	1-тоқ. 2012	1-тоқ. 2013
Қаржы активтерін таза сатып алу	847,3	3012,0	3838,2	2856,8
<i>Банктер</i>	-240,5	53,9	94,1	376,7
Капиталға қатысу құралдары және	10,8	0,1	-2,8	0,0

³ Қазақстандық еншілес кәсіпорындарының акционерлік капиталына нетто-түсімдер, қайта инвестицияланған пайда мен шетелдік негізгі компаниялардан тартылған өтеу ескерілмеген борыштық қаржыландыру кіреді.

инвестициялық қорлардағы үлестер				
Борыштық бағалы қағаздар	-251,3	53,8	96,9	367,7
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>1563,5</i>	<i>2586,7</i>	<i>4531,3</i>	<i>2660,7</i>
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	-52,6	1026,9	310,5	2394,8
Борыштық бағалы қағаздар	1616,1	1559,8	4220,8	265,9
<i>Басқа секторлар</i>	<i>-475,7</i>	<i>371,5</i>	<i>-787,2</i>	<i>-180,6</i>
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	24,2	243,9	-121,3	-43,4
Борыштық бағалы қағаздар	-499,8	127,5	-665,9	-137,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	4725,2	3118,2	-41,4	463,0
<i>Орталық Банк</i>	<i>356,1</i>	<i>2274,5</i>	<i>-19,8</i>	<i>0,0</i>
Борыштық бағалы қағаздар	356,1	2274,5	-19,8	0,0
<i>Банктер</i>	<i>4239,3</i>	<i>221,8</i>	<i>-175,2</i>	<i>401,6</i>
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	-7,6	0,8	-3,2	2,2
Борыштық бағалы қағаздар	4246,9	221,0	-172,0	399,3
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>-0,5</i>	<i>7,8</i>	<i>1,6</i>	<i>0,0</i>
Борыштық бағалы қағаздар	-0,5	7,8	1,6	0,0
<i>Басқа секторлар</i>	<i>130,3</i>	<i>614,2</i>	<i>152,1</i>	<i>61,4</i>
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	141,5	23,9	-11,3	-14,0
Борыштық бағалы қағаздар	-11,2	590,3	163,4	75,5
Портфельдік инвестициялар балансы	-3877,9	-106,2	3879,6	2393,8

Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелерді 0,5 млрд. долл. **таза қабылдау** (міндеттемелердің өсуі) «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның 425 млн. долл. мөлшеріндегі борыштық бағалы қағаздарының жаңа эмиссиясы есебінен банк секторы міндеттемелерінің ұлғаюына байланысты болды.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша теріс баланс 50,3 млн. долл. болды (базалық кезеңде 109,5 млн. долл. оң балансы). Есепті кезеңде туынды қаржы құралдарымен операцияларды көбінесе қазақстандық банктер жасады.

Басқа да инвестициялар

Басқа да инвестициялар бабы бойынша тіркелетін операциялар бойынша есепті кезеңде 0,5 млрд. долл. оң балансы қалыптасты (базалық кезеңде 0,6 млрд. долл.).

Міндеттемелерді таза қабылдау (міндеттемелердің өсуі) көбінесе *басқа секторлар* ретінде жіктелетін банктік емес сектор кәсіпорындарының ұзақ мерзімді қарыз алуының 1,4 млрд. долл. ұлғаюына байланысты болды. Банктердің резидент еместерден алынған кредиттер мен қарыздар бойынша міндеттемелердің 1,1 млрд. долл. төмендеуі ұзақ мерзімді міндеттемелердің өсімін ішінара өтеді және нәтижесінде орташа және ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша оң сальдо 138,5 млн. долл. құрады (9-кесте).

9-кесте

«Басқа да инвестициялар» бабында көрсетілген резиденттердің міндеттемелерді таза қабылдауы

("+" – міндеттемелердің өсуі, "-" – міндеттемелердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	1-тоқ. 2010	1-тоқ. 2011	1-тоқ. 2012	1-тоқ. 2013
Орташа және ұзақ мерзімді инвестициялар	-7695,3	-878,2	665,1	138,5
<i>Орталық Банк</i>	<i>0,0</i>	<i>0,0</i>	<i>2,1</i>	<i>0,0</i>
Басқа да міндеттемелер	0,0	0,0	2,1	0,0
<i>Банктер</i>	<i>-7762,1</i>	<i>-1232,3</i>	<i>180,5</i>	<i>-1139,4</i>
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-31,1	-0,2	286,3	12,5
Кредиттер мен қарыздар	-7731,0	-1232,1	-105,8	-1151,9
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	<i>51,8</i>	<i>6,8</i>	<i>-24,9</i>	<i>-125,1</i>
Кредиттер мен қарыздар	51,8	6,8	-24,9	-125,1
<i>Басқа секторлар</i>	<i>14,9</i>	<i>347,3</i>	<i>507,5</i>	<i>1402,9</i>
Сактандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдік беру бағдарламалары	0,0	0,0	0,0	18,2

Кредиттер мен қарыздар	74,9	300,5	470,8	1350,7
Сауда кредиттері мен аванстар	-59,9	46,8	36,6	34,0
Қысқа мерзімді инвестициялар	-184,2	1181,4	-528,5	66,4
<i>Орталық Банк</i>	-23,3	188,9	107,3	72,3
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-23,3	188,9	107,3	72,3
<i>Банктер</i>	79,1	710,0	-169,2	-240,6
Қолма-қол валюта мен депозиттер	285,0	496,7	-277,5	-188,4
Кредиттер мен қарыздар	51,0	180,0	120,5	-37,1
Басқа да міндеттемелер	-256,8	33,3	-12,1	-15,1
<i>Басқа секторлар</i>	-240,0	282,5	-466,5	234,7
Кредиттер мен қарыздар	-142,7	129,3	-245,2	226,6
Сауда кредиттері мен аванстар	-70,3	204,5	-186,7	3,0
Басқа да міндеттемелер	-27,0	-51,3	-34,7	5,1
Міндеттемелерді таза қабылдау, барлығы	-7879,5	303,2	136,7	204,9

Қысқа мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 66,4 млн. долл. өсуі банктік емес сектордың кәсіпорындары міндеттемелерінің 226,6 млн. долл. ұлғаюына байланысты болды.

Басқа да инвестициялар бабы бойынша қаржы активтерін таза сатып алу (активтердің өсуі) 754,5 млн. долл. оң мөлшерінде қалыптасты, бұл банктердің шетелдік шоттардағы активтерінің 0,9 млрд. долл. өсуі есебінен *банктердің* шетелдік активтерінің 0,7 млрд. долл. өсуіне байланысты. Басқа секторлар бойынша шетелдік активтердің 237,4 млн. долл. өсуі көбінесе резидент еместерге несиелер мен қарыздар бойынша талаптардың 497,9 млн. долл. ұлғаюымен қамтамасыз етілді. Есепті кезеңде Қаржы министрлігі «ЕурАзЭҚ» дағдарысқа қарсы қорына» Қазақстан Республикасының бастапқы жарнасының 200 млн. долл. мөлшердегі төлемін (екінші транш) жүргізгенін атап көрсеткен жөн, ол *Мемлекеттік басқару органдары* секторы бойынша «капиталға қатысудың басқа құралдары» бабында көрсетілді (10-кесте).

10-кесте

«Басқа да инвестициялар» бабында көрсетілген резиденттердің қаржы активтерін таза сатып алуы

("+ " – активтердің өсуі, "-" – активтердің төмендеуі)

млн. АҚШ долл.

	1-тоқ. 2010	1-тоқ. 2011	1-тоқ. 2012	1-тоқ. 2013
<i>Орталық Банк</i>	-1,0	2,5	1,7	-1,2
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-1,0	2,5	1,0	-2,2
Басқа да талаптар	0,0	0,0	0,7	1,0
<i>Банктер</i>	-574,4	-2300,2	540,3	728,4
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-1163,4	-2412,1	471,9	897,7
Кредиттер мен қарыздар	342,1	27,5	99,7	-194,6
Басқа да талаптар	246,9	84,3	-31,3	25,3
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-89,1	40,5	-608,4	-210,2
Капиталға қатысудың басқа да құралдары	0,0	0,0	6,5	206,5
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-88,8	40,8	-614,9	-418,6
Кредиттер мен қарыздар	-0,3	-0,3	0,0	-0,3
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	0,0	0,0	2,2
<i>Басқа секторлар</i>	1370,8	2263,4	802,9	237,4
Қолма-қол валюта мен депозиттер	686,3	636,9	83,2	70,8
Кредиттер мен қарыздар	84,9	219,8	-61,4	497,9
Сауда кредиттері мен аванстар	542,9	1227,0	803,2	-162,9
Басқа да талаптар	56,6	179,8	-22,1	-168,4
Қаржы активтерін таза сатып алу, барлығы	706,3	6,2	736,5	754,5

Жеке сектордың капиталды таза әкелуі есепті кезеңде 0,9 млрд. долл. бағаланды (базалық кезеңде таза әкелу 2,8 млрд. долл. құрады). Тиісті есептеулер І.13-қосымшада келтірілген.

Резервтік активтер


Төлем балансының операциялары бойынша халықаралық резервтердің есепті кезеңде ұлғаюы 0,3 млрд. долл. болды және 2013 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша халықаралық резервтер 28,1 млрд. долл. бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортын қаржыландыруды 5,4 айға қамтамасыз етті.

Нақты тиімді айырбастау бағамының динамикасы

2013 жылғы бірінші тоқсанда әлемдік тауарлар нарығындағы конъюктура теріс динамикасымен сипатталды, алайда, жалпы алғанда, қазақстандық экспорт тауарларының бағасы жоғары деңгейде сақталды. Қазақстанның ірі сауда әріптестерінің көбінің валюталары АҚШ долларына қатысты қалыпты құнсыздануын көрсетті. Нәтижесінде, Қазақстандағы инфляцияның маусымдық өсуімен бірге жыл басында теңгенің бағамы нақты көрсетуде аздап нығайуын көрсетті.

Есепті тоқсанның қорытындысы бойынша теңгенің нақты тиімді бағамының индексі (НТАБ) 1,1%-ға нығайып, 2000 жылғы желтоқсандағы базалық бәсекелестік қабілеттілігі деңгейіне қатысты 113,3 болды (2009 жылғы желтоқсанға қатысты 112,9). ТМД елдерінің валюта қоржынына қатысты есептелген НТАБ индексі 2013 жылғы наурызда 2012 жылғы желтоқсанға қатысты өзгерген жоқ, ал қалған елдердің валюталарына қатысты теңге нақты көрсетуде 1,5%-ға қымбаттады.

Негізі әріптес елдердің валюталарына қатысты теңгенің екі жақты нақты айырбастау бағамдарының динамикасы әртүрлі бағытталғанын көрсетті. Мәселен, 2013 жылғы наурызда 2012 жылғы желтоқсанға қарағанда, рубльге қатысты теңгенің НАБ өзгермеді (базалық кезеңге қатысты теңгенің рубльге қатысты нақты бағаланбау қоры 21,9% деңгейінде сақталды), еуроға қатысты 2,4% нығайды, долларға қатысты 0,3% нығайды. Юаньға қатысты теңгенің НАБ 0,7% әлсіреді.



Қазақстан Республикасының Төлем балансы: талдама ұсыным

(млн. АҚШ доллары)

ХВҚ төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі әдіснамасына бойынша (алтыншы шығарылым, 2009 жыл)

	2011	2012	2012				2013
			I	II	III	IV	I
Ағымдағы операциялар шоты	12268,5	6154,0	3246,2	3969,4	-297,2	-764,3	1857,4
Сауда балансы	46810,4	43148,0	12297,4	13585,6	9174,4	8090,6	10144,9
Экспорт	87515,0	92065,9	21823,5	24957,4	22598,3	22686,7	20365,5
Импорт	40704,6	48917,9	9526,2	11371,8	13423,9	14596,1	10220,6
Қызмет көрсету балансы	-6639,9	-7932,4	-1599,2	-1904,2	-2217,7	-2211,3	-1428,4
Экспорт	4358,8	4825,8	1049,3	1241,4	1312,2	1222,9	1053,5
Импорт	10998,7	12758,2	2648,5	3145,7	3529,9	3434,2	2482,0
Бастапқы кірістер балансы	-27636,9	-28051,1	-7410,8	-7493,9	-6874,9	-6271,4	-6622,3
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1730,2	-1927,8	-496,4	-497,5	-488,4	-445,5	-396,3
Инвестициялық кірістер	-26046,5	-26263,1	-6949,4	-7031,4	-6421,5	-5860,8	-6261,0
Алынатын кірістер	2082,7	2050,8	418,9	502,8	618,6	510,4	528,8
Тікелей инвестициялардан түскен кірістер	135,5	288,3	30,0	51,9	170,3	36,1	73,6
Портфельдік инвестициялардан түскен кірістер	901,3	960,7	212,6	257,2	249,5	241,4	254,8
Басқа инвестициялардан түскен кірістер	1046,0	801,7	176,2	193,7	198,8	232,9	200,3
<i>оның ішінде Ұлттық Қордың резервтері мен активтері бойынша сыйақы</i>	1006,4	1028,7	223,9	268,9	267,5	268,5	293,5
Төленетін кірістер	28129,2	28313,8	7368,2	7534,2	7040,1	6371,2	6789,7
Тікелей инвестициялардан түскен кірістер	25026,7	24774,7	6624,5	6508,8	6072,2	5569,2	6096,2
Портфельдік инвестициялардан түскен кірістер	1751,4	2071,9	393,4	691,2	590,4	396,9	310,0
Басқа инвестициялардан түскен кірістер	1351,1	1467,2	350,2	334,3	377,5	405,2	383,5
Басқа да бастапқы кірістер (нетто)	139,8	139,8	34,9	34,9	34,9	34,9	34,9
Қосалқы кірістер балансы	-265,1	-1010,5	-41,1	-218,1	-379,0	-372,2	-236,8
Капиталмен операциялар шотының балансы	31,8	15,4	0,8	8,1	1,9	4,7	-7,4
Қаржылық шот (ҚҰБ резервтері мен активтерін қоспағанда)	6378,8	1755,0	-549,5	-1219,7	3108,7	415,5	677,1
Тікелей инвестициялар	-9272,8	-12440,3	-5138,4	-1994,0	-3839,6	-1468,3	-2216,0
Қаржы активтерін таза сатып алу	5013,9	2677,0	675,1	1013,6	299,4	688,9	1847,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	14286,7	15117,3	5813,5	3007,6	4139,0	2157,2	4063,7
Портфельдік инвестициялар	12966,5	17406,9	3879,6	5263,2	3506,3	4757,8	2393,8
Қаржы активтерін таза сатып алу	13566,3	15120,6	3838,2	4477,6	3599,1	3205,7	2856,8
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	12204,6	14549,6	4531,3	4057,5	3609,2	2351,6	2660,7
Банктер	179,6	236,9	94,1	23,5	3,4	115,9	376,7
Басқа секторлар	1182,1	334,1	-787,2	396,6	-13,5	738,2	-180,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	599,7	-2286,3	-41,4	-785,6	92,8	-1552,1	463,0
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-241,6	-46,5	-18,3	-21,4	0,0	-6,8	0,0
Банктер	-296,8	-1934,1	-175,2	-509,0	38,4	-1288,4	401,6
Басқа секторлар	1138,1	-305,7	152,1	-255,2	54,4	-256,9	61,4
Туынды қаржы құралдары (нетто)	-126,7	108,9	109,5	-20,7	-3,1	23,2	-50,3
Басқа инвестициялар	2811,7	-3320,4	599,8	-4468,2	3445,0	-2897,1	549,6
Капиталға қатысатын басқа құралдар (нетто)	8,2	14,7	6,5	0,9	0,0	7,3	206,5
Орга және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	220,0	-3654,5	-447,1	-1999,1	153,2	-1361,5	-195,3
Қаржы активтерін таза сатып алу	1011,2	1795,6	218,1	194,5	295,4	1087,7	-56,8
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-1,2	-1,2	0,0	-0,6	-0,3	-0,3	-0,3
Банктер	-278,3	106,8	81,5	70,8	-182,7	137,1	-199,5
Басқа секторлар	1290,6	1690,1	136,6	124,3	478,4	950,9	143,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	791,2	5450,1	665,1	2193,6	142,2	2449,2	138,5
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	660,1	476,4	-22,8	32,3	67,4	399,5	-125,1
Банктер	-2017,0	-414,4	180,5	-201,5	-631,9	238,5	-1139,4
Басқа секторлар	2148,1	5388,2	507,5	2362,8	706,7	1811,2	1402,9
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	2583,5	319,4	1040,4	-2469,9	3291,8	-1542,9	538,3
Қаржы активтерін таза сатып алу	2725,2	1066,5	511,9	-1980,2	3175,4	-640,6	604,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	141,7	747,1	-528,5	489,7	-116,4	902,2	66,4
Қателер мен қалып қоюлар	-5621,0	-8701,0	-1656,1	-4777,7	-179,7	-2087,6	-883,3
Жалпы баланс	-300,4	4286,6	-2140,4	-419,5	3583,7	3262,8	-289,6
Қаржыландыру	300,4	-4286,6	2140,4	419,5	-3583,7	-3262,8	289,6
ҚҰБ резервтік активтері	300,4	-4286,6	2140,4	419,5	-3583,7	-3262,8	289,6
ХҚҰ кредиттері	0,0	0,0					0,0
Ерекше қаржыландыру	0,0	0,0					0,0

Қазақстан Республикасының Төлем балансы: экономика секторлары бойынша талдау
(млн. АҚШ доллары)

ХВҚ төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі әдіснамасына бойынша (алтыншы шығарылым, 2009 жыл)

	2011	2012	2012				2013
			I	II	III	IV	I
Ағымдағы операциялар шоты	12268,5	6154,0	3246,2	3969,4	-297,2	-764,3	1857,4
Сауда балансы	46810,4	43148,0	12297,4	13585,6	9174,4	8090,6	10144,9
Экспорт	87515,0	92065,9	21823,5	24957,4	22598,3	22686,7	20365,5
Импорт	40704,6	48917,9	9526,2	11371,8	13423,9	14596,1	10220,6
Қызмет көрсету балансы	-6639,9	-7932,4	-1599,2	-1904,2	-2217,7	-2211,3	-1428,4
Экспорт	4358,8	4825,8	1049,3	1241,4	1312,2	1222,9	1053,5
Импорт	10998,7	12758,2	2648,5	3145,7	3529,9	3434,2	2482,0
Бастапқы кірістер балансы	-27636,9	-28051,1	-7410,8	-7493,9	-6874,9	-6271,4	-6622,3
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1730,2	-1927,8	-496,4	-497,5	-488,4	-445,5	-396,3
Инвестициялық кірістер	-26046,5	-26263,1	-6949,4	-7031,4	-6421,5	-5860,8	-6261,0
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	951,5	965,8	208,0	255,3	248,5	254,0	278,0
Алынатын кірістер	1006,5	1028,8	223,9	269,0	267,5	268,5	293,6
Төленетін кірістер	55,0	63,0	15,9	13,7	18,9	14,5	15,5
Банктер	-567,6	-840,4	-205,9	-248,1	-240,1	-146,3	-182,5
Алынатын кірістер	628,1	455,5	104,2	113,5	104,3	133,5	83,6
Төленетін кірістер	1195,7	1295,9	310,1	361,6	344,4	279,8	266,1
Басқа секторлар	-26430,5	-26388,4	-6951,4	-7038,6	-6429,9	-5968,5	-6356,5
Алынатын кірістер	448,1	566,5	90,8	120,4	246,8	108,4	151,6
Төленетін кірістер	26878,6	26954,9	7042,2	7159,0	6676,8	6076,9	6508,1
Басқа да бастапқы кірістер (нетто)	139,8	139,8	34,9	34,9	34,9	34,9	34,9
Қайталама кірістердің балансы	-265,1	-1010,5	-41,1	-218,1	-379,0	-372,2	-236,8
Капиталмен операциялар шотының балансы	31,8	15,4	0,8	8,1	1,9	4,7	-7,4
Қаржылық шот	6679,3	-2531,6	1590,9	-800,2	-475,0	-2847,2	966,7
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	12944,1	9269,4	5995,3	4897,9	-281,6	-1342,1	2779,6
Қаржы активтерін таза сатып алу	13130,8	9740,2	6061,4	4800,9	-211,4	-910,7	2726,9
Портфельдік инвестициялар	12204,6	14549,6	4531,3	4057,5	3609,2	2351,6	2660,7
Туынды қаржы құралдары	-7,4	-5,2	-0,8	27,2	-45,8	14,1	-12,1
Басқа инвестициялар	632,3	-499,8	-606,7	295,3	-187,1	-1,2	-211,4
ҚҰБ резервтік активтері	300,4	-4286,6	2140,4	419,5	-3583,7	-3262,8	289,6
Міндеттемелерді таза қабылдау	186,7	470,8	66,2	-97,0	70,2	431,4	-52,8
Портфельдік инвестициялар	-241,6	-46,5	-18,3	-21,4	0,0	-6,8	0,0
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	428,3	517,3	84,5	-75,6	70,2	438,2	-52,8
Банктер	3280,2	1550,9	859,1	-2366,5	2435,3	622,9	1975,0
Қаржы активтерін таза сатып алу	713,5	250,7	586,9	-2473,6	1842,0	295,4	1020,5
Тікелей инвестициялар	-30,2	56,6	-2,2	0,0	-2,2	61,0	0,0
Портфельдік инвестициялар	179,6	236,9	94,1	23,5	3,4	115,9	376,7
Туынды қаржы құралдары	-218,9	-58,0	-45,4	-8,8	42,0	-45,8	-84,6
Басқа инвестициялар	783,0	15,2	540,3	-2488,3	1798,8	164,3	728,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	-2566,7	-1300,2	-272,2	-107,1	-593,3	-327,5	-954,5
Тікелей инвестициялар	389,1	543,6	46,9	190,2	214,7	91,7	70,4
Портфельдік инвестициялар	-296,8	-1934,1	-175,2	-509,0	38,4	-1288,4	401,6
Туынды қаржы құралдары	-54,1	-171,2	-155,2	39,3	-0,5	-54,7	-46,5
Басқа инвестициялар	-2604,8	261,6	11,3	172,3	-845,9	923,9	-1380,0
Басқа секторлар	-9544,2	-13369,7	-5266,2	-3330,2	-2632,7	-2140,5	-3788,0
Қаржы активтерін таза сатып алу	8555,5	6315,8	692,9	1818,4	2147,2	1657,3	1904,3
Тікелей инвестициялар	5044,2	2620,4	677,3	1013,6	301,6	627,9	1847,7
Портфельдік инвестициялар	1182,1	334,1	-787,2	396,6	-13,5	738,2	-180,6
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	-0,3
Басқа инвестициялар	2329,3	3361,4	802,9	408,2	1859,1	291,2	237,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	18099,7	19685,5	5959,2	5148,6	4779,9	3797,8	5692,2
Тікелей инвестициялар	13897,6	14573,8	5766,6	2817,4	3924,3	2065,5	3993,3
Портфельдік инвестициялар	1138,1	-305,7	152,1	-255,2	54,4	-256,9	61,4
Туынды қаржы құралдары	-45,5	-0,9	-0,4	-0,2	-0,3	-0,1	-0,2
Басқа инвестициялар	3109,4	5418,4	40,9	2586,6	801,5	1989,3	1637,7
Қателер мен қалып қоюлар	-5621,0	-8701,0	-1656,1	-4777,7	-179,7	-2087,6	-883,3

Қазақстан Республикасының Төлем балансы: стандартты ұсыным**ХВҚ төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі әдіснамасына бойынша (алтыншы шығарылым, 2009 жыл)***(млн.АҚШ доллары)*

	2011	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	2012	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	2013 1-тоқсан
Ағымдағы операциялар шоты	12268,5	1616,7	4983,4	3908,5	1759,9	6154,0	3246,2	3969,4	-297,2	-764,3	1857,4
Тауарлар	46810,4	9032,6	14221,4	13203,8	10352,6	43148,0	12297,4	13585,6	9174,4	8090,6	10144,9
Кредит (Экспорт)	87515,0	16340,2	25387,1	23703,4	22084,3	92065,9	21823,5	24957,4	22598,3	22686,7	20365,5
Басқа да ағындар – бұл резиденттер мен резидент еместер арасындағы операциялардан қарағанда басқа себептерден туындаған активтер мен міндеттемелер көлемінің, құнының немесе жіктеуінің өзгеруі. Басқа ағындарға талдамалық мақсатта екі кең санат шеңберінде көрінетін активтердегі және міндеттемелердегі түрлі өзгерістер жатады:

1) активтер мен міндеттемелердің көлеміндегі басқа өзгерістер институционалды бірліктер арасында өзара іс-әрекет етудің өзара келісіміне негізделгеннен қарағанда басқа себептерге (яғни операциялармен) байланысты туындаған активтер мен пассивтер балансына жаңа активтердің түсуін және ескі активтер мен міндеттемелердің шығуын көрсетеді;

2) активтер немесе міндеттемелер бағасының өзгеруі және (немесе) валютаның айырбас бағамының өзгеруі салдарынан туындайтын актив немесе міндеттеме бойынша құнды (холдингтік пайда немесе зиян) қайта бағалау.

ХИҰ ТБН6 негізінде жасалады. ХИҰ және ТБ қалыптастыруға әдіснамалық тәсілдер толық сәйкес келеді.

ТБ және ХИҰ деректерін жасау тәжірибесі

Қаржы активтері мен міндеттемелерімен операциялар бойынша статистикалық есептілік сыртқы экономикалық шоттарды (ТБ, ХИҰ, сыртқы борыш) қалыптастыру үшін деректер көзі болады. Респонденттер ұсынатын есептілік капитал қозғалысына байланысты валюта операцияларын Ұлттық Банкте тіркеу және хабарлау нәтижелері бойынша, сондай-ақ банктердің және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың аппараты бойынша салыстырып тексеріледі және түзетіледі.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҰАСТАНЫМЫН ЖАСАУДЫҢ
АҚПАРАТТЫҚ БАЗАСЫ**

Баптың атауы	Ақпарат көздері	Ақпараттың мазмұны
ТАУАРЛАР		
Экспорт (ресми статистика)	ҚР Статистика агенттігі (ҚРСА), ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (ҚР ҚМ КБК)	Кеден одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен кедендік статистика (КС) бойынша статистикалық есептіктің деректері
Импорт (ресми статистика)	ҚРСА, ҚР ҚМ КБК	Кеден одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен КС бойынша статистикалық есептіктің деректері
Түзетулер	ҚҰБ, ҚР ҚМ КБК Шекара қызметі, ҚРСА Көлік қызметтері	Кеден одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен КС бойынша статистикалық есептіктің деректері, кедендік кіріс ордері бойынша өтетін операциялар бойынша деректер Елдер бойынша және жол жүру мақсатында шекарадан өткен тұлғалардың саны туралы деректер Жеке тұлғалардың ресми статистикада тіркелмейтін экспорттық-импорттық операциялар көлемін ҚҰБ-ның бағалауы Нысандар бойынша есептілік деректері: ◆ № 2-ПБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместерге ұсынған) көлік қызметі туралы есеп», ◆ № 5-ПБ «Резидент емес көлік кәсіпорындарына ұсынылған қызметтер туралы есеп» ◆ «Кәсіпорындардың тауарды экспорттау және импорттау кезінде тасымалдау мен сақтандыруға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы» нысаны бойынша жыл сайынғы статистикалық бақылау деректері ҚҰБ-ның тауарларды импорттау кезінде ҚР шекарасына дейін тасымалдауға және сақтандыруға жұмсалған шығыстарды бағалауы
Монетарлық емес алтын	ҚҰБ, ҚРСА, ҚР ҚМ КБК	ҚРҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері, Кеден одағына мүше мемлекеттермен өзара сауда және үшінші елдермен кедендік статистика (КС) бойынша статистикалық есептіктің деректері
ҚЫЗМЕТТЕР		
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	Кәсіпорындар	№10-ПБ нысан бойынша есептілік деректері «Резидент еместермен халықаралық операциялар туралы есеп»
Көлік қызметтері	ҚҰБ Көлік кәсіпорындары	Нысандар бойынша есептілік деректері: ◆ № 2-ПБ, ◆ № 3-ПБ «Резидент еместерде алынған (резидент еместер ұсынған) темір жол көлігі қызметі туралы есеп», ◆ № 4-ПБ «Резидент емес көлік кәсіпорындарының атынан жүзеге асырылған операциялар туралы есеп», ◆ № 5-ПБ ҚҰБ-нің жүктерді тасымалдауға шығыстарды бағалауы
Жол жүрулер	Шекара қызметі ҚҰБ банктер	Елдер бойынша және сапарға шығу мақсатында шекарадан өткен тұлғалардың саны туралы деректер ҚҰБ-ның резиденттердің шетелге сапарларының шығыстарын және резидент еместердің ҚР-дағы шығыстарын бағалауы 2007 жылғы 1-тоқсаннан бастап – жеке тұлғалардың оқуға және емделуге байланысты, төлемдер мақсатының және экономика секторлары кодтарын қолдану және төлемдер бойынша мәліметтерді ұсыну № 388 ережесінің (бұдан әрі - № 388 Ереже) 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылған статистика деректері

Байланыс қызметі	Байланыс кәсіпорындары	№ 6-ПБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместер ұсынған) байланыс қызметі туралы есеп», №10-ПБ нысандары бойынша есептілік деректері
Мемлекеттік қызметтер	мемлекеттік орагандар, банктер	Мына нысандар бойынша есептілік деректері ◆ № 7-ПБ «Резидент еместерден алынған (резидент еместер ұсынған) ызмет және субсидия туралы есеп», ◆ № 9-ПБ «Резидент еместерге қаржылық талаптардың жай-күйі туралы есеп және олардың алдындағы міндеттемелер»
Басқа да халықаралық қызметтер	кәсіпорындар, бағалы қағаздардың кәсіби қатысушылары, банктер, ҚР Қаржы министрлігі (ҚР ҚМ), сақтандыру ұйымдары, ҚҰБ бөлімшелері	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері: ◆ № 9-ПБ, ◆ №10-ПБ, ◆ «Коммерциялық кредиттерді, қаржы заемдарын игеру және қызмет көрсету туралы есеп» №154 ҚР-да валюта операцияларын жүзеге асыру ережесінің (бұдан әрі – № 154 Ереже) № 7 қосымшасы, ◆ №15-ТБ «Резидент еместермен бағалы қағаздар бойынша халықаралық операциялар туралы есеп» ◆ № 14-ПБ «Қазақстан Республикасының ресми шетелдік заемдары бойынша есеп», ◆ № 11-ПБ-ОС «Резидент еместерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және «жалпы сақтандыру» саласы бойынша резидент еместердегі тәуекелдерді қайта сақтандыру туралы есеп», ◆ № 11-ПБ-СЖ «Резидент еместерді сақтандыру (қайта сақтандыру) және «өмірді сақтандыру» саласы бойынша резидент еместердегі тәуекелдерді қайта сақтандыру туралы есеп» және ҚРҰБ резидент еместермен жасаған келісімшарттар туралы мәліметтер 2011 жылғы 1-тоқсаннан бастап - №388 ереженің 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылатын жеке тұлғалардың төлемдерінің қызмет түрлері бойынша статистикалық деректері.
БАСТАПҚЫ КІРІСТЕР		
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	Кәсіпорындар, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі	№10-ТБ нысан бойынша статистикалық есептілік деректері, ресми емес түрде жұмыс істейтін еңбек иммигранттарының жалақысын бағалау, лицензиаттар арқылы шет елге жұмысқа кеткен резиденттердің жалақысын бағалау
Инвестициялық кіріс		
тікелей инвесторлардан кірістер	Шетелдік қатысуымен бірлескен кәсіпорындар, банктер	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері ◆ Ереженің «Жарғылық капиталға қатысу бойынша есеп» № 8 қосымшасы, ◆ № 1-ТБ «Резидент еместерге қаржы талаптары және олар алдындағы міндеттемелер туралы есеп», ◆ № 9-ТБ
портфель инвестицияларынан кірістер	ҚР ҚМ, кәсіпорындар, банктер және бағалы қағаздардың басқа эмитенттері (иелері), бағалы қағаздарға кәсіби қатысушылар, ҚҰБ	◆ № 154 Ереженің «Валюталық шарт бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» № 8 қосымшасы бойынша тіркеуге, хабарлауға ұсынылатын шарттар және кәсіпорындардың есептері бойынша деректер. Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері ◆ №1-ТБ ◆ № 9-ТБ, ◆ № 15-ТБ, ҚҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері
басқа инвестициялардан кірістер	ҚР ҚМ, кәсіпорындар, банктер, ҚҰБ	Мынадай нысандар бойынша деректер ◆ № 154 Ереженің «Валюта операциясы туралы тіркеу куәлігін/хабарлама алуға арналған өтініш» 5-қосымшасы, ◆ № 154 Ереженің 7-қосымшасы, ◆ № 1-ТБ, ◆ № 9-ТБ, ◆ № 14-ТБ, ◆ № 11-ОБ, ҚҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері
резерв активтерінен кірістер	ҚҰБ	ҚҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері

Басқа бастапқы кірістер	мемлекеттік органдар	№7-ПБ нысан бойынша есептілік деректері
ҚАЙТАЛАМА КІРІСТЕР		
Мемлекеттік басқару органдары	мемлекеттік органдар, ҚРСА, кәсіпорындар, ҚҰБ	◆ № 7-ПБ, №10-ПБ нысандар бойынша есептілік деректері, ◆ ТС (гуманитарлық көмек), ◆ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Статистикалық бюллетені ◆ ҚҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері
Қаржылық ұйымдар, қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және НКОДХ		
Жеке трансферттер	банктер, «Қазпочта» ААҚ	№388 ереженің 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылатын төлемдер статистикасының деректері, 2009 жылдан бастап – ақша аударымдарының жүйелері бойынша банктердің деректері негізінде ҚҰБ-нің бағалауы және №388 ереженің 3-қосымшасы бойынша қалыптастырылатын төлемдер статистикасының деректері.
Басқа да трансферттер	ҚР ҚМ, кәсіпорындар, банктер	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері ◆ № 9-ПБ, ◆ № 10-ПБ, ◆ № 11-ПБ-ОС, ◆ № 11-ПБ-СЖ, ◆ №154 Ереженің № 7 қосымшасы
КАПИТАЛМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР ШОТЫ		
Өндірілмеген қаржылық емес активтердің жалпы шығуы	кәсіпорындар	№154 Ереженің № 9 қосымшасы бойынша тікреуге ұсынылатын шарттар, кәсіпорындардың хабарламалары және есептері бойынша деректер
Капитал трансферттері		
Мемлекеттік басқару органдары	мемлекеттік органдар, ҚРСА	◆ № 7-ПБ нысан бойынша деректер, ◆ ТС (гуманитарлық көмек)
Қаржылық ұйымдар, қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылығы және НКОДХ		
Қарызды кешіру	кәсіпорындар	№154 Ереженің № 7 қосымшасының нысаны бойынша есептілік деректері
Басқа трансферттер	кәсіпорындар	№10-ПБ нысан бойынша есептілік деректері
ҚАРЖЫЛЫҚ ШОТ Қаржы активтері және міндеттемелері жөніндегі статистикалық есептілік халықаралық инвестициялық позицияны және сыртқы борышты жасау үшін де деректер көзі болады. Респонденттер ұсынатын есептілік Ұлттық Банктегі валюта операцияларын тіркеу және лицензиялау шеңберінде келіп түскен, қосымша ақпарат көздері (банктер, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, БАҚ және т.с.) бойынша салыстырып тексеріледі және түзетіледі.		
ТІКЕЛЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАР	кәсіпорындар, банктер, ҚРҚМ	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері ◆ №2 №154 Ереженің, «Төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы есеп» № 2 және №8 қосымшалары ◆ № 1-ПБ, ◆ № 9-ПБ, мемлекеттік акциялар пакеттерін және мүлктік кешендерді сату туралы мәліметтер
ПОРТФЕЛЬ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ	ҚР ҚМ, банктер, бағалы қағаздардың басқа эмитенттері (иелері), бағалы қағаздарға кәсіби қатысушылар, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі", ҚҰБ	◆ №154 Ереженің № 8, 9 қосымшалары бойынша тіркеуге ұсынылатын шарттар және есептер бойынша деректер, ◆ № 1-ПБ, № 9-ПБ, № 15-ПБ нысандары бойынша есептілік деректері, ◆ орталық депозитарийдің анықтамасы, ◆ «ҚР Үкіметінің сыртқы талаптары туралы есеп» деректері, ◆ ҚҰБ қаржылық есептіліктерінің бастапқы құжаттарының және ҚР Ұлттық Қорының активтерін сенімгерліпен басқару бойынша есептердің деректері

БАСҚА ИНВЕСТИЦИЯЛАР		
Үкіметтік қарыздар	ҚР ҚМ	◆ № 14-ПБ нысаны бойынша деректер, ◆ «ҚР Үкіметінің сыртқы талаптары туралы есеп» деректері
Басқа несиелер, қарыздар	кәсіпорындар, банктер	Мынадай нысандар бойынша есептілік деректері ◆ № 1-ПБ, ◆ № 9-ПБ, ◆ №11-ОБ ◆ №17-ПБ ◆ №1-ОПЗ ◆ 154 Ереженің 7-қосымшасы бойынша жеке тұлғалардың есептері
Сауда кредиттері	кәсіпорындар, мемлекеттік органдар	№ 1-ПБ нысан бойынша есептілік деректері
Валюталар мен депозиттер	кәсіпорындар, банктер, ҚҰБ, ҚР ҚМ	Мынадай нысандар бойынша есептердің деректері ◆ №154 Ереженің «Шетел банкіндегі шоттағы қаражат қозғалысы туралы есеп» 11-қосымша, ◆ № 1-ПБ, ◆ № 9-ПБ «ҚР Үкіметінің сыртқы талаптары туралы есеп» деректері ҚҰБ қаржылық есептіліктің бастапқы құжаттарының деректері
Басқа да активтер мен міндеттемелер	кәсіпорындар, банктер, ҚР ҚМ	◆ № 1-ПБ, № 9-ПБ, № 11-ОБ, № 14-ПБ нысандары бойынша деректер, ◆ «ҚР Үкіметінің сыртқы талаптары туралы есеп» деректері
РЕЗЕРВТІК АКТИВТЕР	ҚҰБ	ҚҰБ қаржылық есептілігінің бастапқы құжаттарының деректері

V.1-қосымша

«Бақал» сауданың көлемін бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Қазақстанның сыртқы сауда айналымының айтарлықтай бөлігі «бақал» саудаға – ұйымдаспаған, яғни ресми кеден статистикасына жатпайтын, жеке тұлғалардың сыртқы сауда операцияларына тиесілі. Қазақстанның Ұлттық Банкі сауда балансы бабына қосу үшін мұндай операцияларды қамту бойынша қосымша есептеу ретінде бағалайды.

Кейін қайта сату мақсатымен жеке тұлғалар әкелген/әкеткен тауарлардың құнын жиынтық бағалау олар импорттайтын және экспорттайтын тауарлардың орташа құны мен «бақалшылар» санының көбейтіндісі ретінде есептеледі.

«Бақал» бизнеспен айналысатын жеке тұлғалардың үлесін және «бақал» сауда айналымы неғұрлым белсенді жүргізілетін елдердің тізбесін айқындау үшін 2000 жылғы қазанда кеден органдарымен бірлесіп шекара маңындағы ірі автомобиль өтетін жолдарда, теміржолдардағы өткізу пункттерінде, халықаралық әуежайларда жүргізілген жолаушыларды шекаралық зерттеу нәтижелері негізгі көздердің бірі болды. Зерттеу аймақтар бойынша және сапардың мақсаттары бойынша кетушілер мен келушілердің арақатынасын, сондай-ақ сапар кезіндегі жеке шығыстардың орташа сомасын және «бақалшылар» коммерциялық мақсатта жұмсайтын соманы анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бір «бақалшыға» шаққандағы тауар құнының орташа нормативтерін айқындау үшін кеден комитетінің жеке тұлғалар алып өткен және оңайлатылған тәртіппен декларацияланған тауарлар туралы деректері пайдаланылды.

ТМД-ға кірмейтін елдерден бақал импортының есебі:

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің республика шекарасынан өткен адамдардың саны туралы деректері негізгі ақпарат болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандықтар «бақалшы» рейдімен, негізінен Қытайға және Түркияға баратыны анықталды.

ТМД емес елдер бойынша «бақалшылар» сатып алатын тауарлардың орташа құны 5000 АҚШ доллары деңгейінде бағаланды, өйткені жеке тұлғалар әкелетін мұндай сомалардан жоғары тауарлар декларациялауға жатады және кеден статистикасында көрсетілуі тиіс. «Бақалшылар» үлесі орташа алғанда ҚР-дан Қытайға және Түркияға туризм және жеке сапарлар мақсатында шығатындардың 60% деңгейінде және ТМД емес басқа елдерге шығатындардың - 20% деп белгіленді. Шекаралардың іргелес болуы неғұрлым қарқынды саудаға негіз болады, сондықтан Қытай бойынша осы елден ҚР-ға жеке мақсатпен және турист ретінде келетін резидент еместер де есепке кіреді.

ТМД елдерінен бақал импортының есебі:

Зерттеу нәтижелерінің негізінде бір «бақалшы» Ресей Федерациясынан, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан әкелетін, «бақалшылардың» есептік санына көбейтілетін тауарларға шығыс нормасы айқындалды. «Бақалшылар» РФ-тен импорттайтын тауарларға шығыс нормасы 1500 АҚШ доллары деңгейінде, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан импорттайтын тауарларға – 500 доллар деңгейінде белгіленді. Бақалшылар саны жеке мақсатпен шекарадан өтетіндер санының бөлігі ретінде айқындалады (РФ ФШҚ және ҚР ҰҚК ШҚ-нің деректері бойынша): 25% - Ресей Федерациясымен, 20% - Қырғызстанмен және 30% - Өзбекстанмен арадағы шекарадан өткендер. Бұл ретте РФ бойынша тек қана шығатын резиденттер, ал Қырғызстан мен Өзбекстан бойынша – шығатын резиденттер мен осы республикалардан келетін резидент еместер есепке алынады.

ТМД елдеріне бақал экспортының есебі:

Басқа елдерге жеке тұлғалар қайта сату үшін тауарлар шығармайтынын ескере отырып, бақалшылар экспорты бойынша есептеулер тек қана ТМД елдері бойынша жүзеге асырылды.

Зерттеу Ресей Федерациясына жеке мақсаттармен шығатын резиденттер санының ТМД елдеріне – 15%, Өзбекстанға шығатын резиденттер санының 30%, сондай-ақ осы елдерден кіретін резидент еместердің сандық арақатынасын білуге мүмкіндік берді. Шығыс нормасы сондай-ақ зерттеу нәтижелері бойынша айқындалды және РФ-ға экспорт кезінде – 500 АҚШ доллары және Өзбекстанға экспорт кезінде – 350 доллары болды.

V.2-қосымша

ФОВ бағаларымен импорт құнын бағалаудың және тауарлардың экспорты мен импорты кезінде көлік шығыстарын есептеудің әдістемелік қағидаттары

Тауарлардың импорты бойынша ресми статистиканың жүк кеден декларациясы негізінде қалыптасатын деректер Қазақстанның кеден шекарасындағы тауардың құнын көрсетеді. Яғни Қазақстанмен ортақ шекарасы жоқ мемлекеттерден тауарлар әкелген кезде импортталатын тауарлардың кедендік құнына импортердің кеден шекарасындағы тауардың құнынан басқа (ФОВ үлгісі бойынша тауардың құны) Қазақстанның шекарасына дейін жүкті сақтандыру және тасымалдау құны (СИФ үлгісі бойынша тауардың құны) да кіреді.

Төлем балансында тауарлардың экспорты мен импортының құны тауарды сатушының кеден шекарасындағы ФОВ үлгісі бойынша (жүкті тиеу сатып алушының есебінен) бағалармен есептеледі, ал

жүкті сақтандыру мен тасымалдау құны халықаралық қызмет көрсету балансының тиісті баптарында көрсетіледі. Сондықтан, төлем балансында деректерді дұрыс көрсету мақсатында тауарлардың импорты бойынша кеден статистикасының деректеріне жіктеу бойынша түзету жүзеге асырылады – СИФ үлгісі бойынша импорттың құнынан тиісінше «сақтандыру қызметтері» және «жүк тасымалдау» баптарындағы халықаралық қызмет көрсетудің импортына енгізілетін сақтандыруға және тасымалдауға арналған шығыстар шегеріледі.

Импортталатын тауардың құнындағы сақтандыру және тасымалдауға арналған шығыстардың үлесін айқындау үшін Ұлттық Банкте жыл сайын өткізілетін экспортерлер мен импортерлерді арнайы тексерулер негіз болып табылады. 2002-2004 жылдардағы тексерулердің нәтижелері бойынша («Тауарларды экспорттау және импорттау кезінде тасымалдау және сақтандыруға арналған шығыстар туралы кәсіпорындарды тексеру сауалнамасы») статистикалық есеп нысаны ретінде 2002 жылы енгізілді) СИФ бағаларындағы тауарлар импортын ФОБ бағаларымен қайта есептеу және көлік түрлері бойынша жүк тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулерді есептеу үшін орташа алынған есептік коэффициенттер алынды. Бұл ретте коэффициенттер шекаралас және басқа елдердің бөлігінде бағаланды.

Тауарларды сату және қызмет көрсету жөніндегі бірқатар салыстырмалы, талдамалы деректерді алу, сондай-ақ кеңейтілген жіктеу бойынша (Халықаралық валюта қоры 2000 жылы енгізген) қызмет көрсетулердің балансын қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында 2004 жылы алынған жаңа есептік коэффициенттер 2000 жылдан бастап төлем балансының деректеріне қолданылды.

Арнайы тексерулер нәтижелері бойынша есептік коэффициенттерді кейін қайта қарау осы тексерулердің орташа алынған коэффициенттерден айтарлықтай айырмашылығы болған жағдайда жүргізіледі (мысалы, жүкті тасымалдаудың жаңа тәсілдері мен маршруттары пайда болған жағдайда). Коэффициенттерді қайта қарау кезінде болған өзгерістерге тән кезеңдер үшін орташа алынған ұстаным сақталады.

V.3-қосымша

«Сапарлар» бабы бойынша халықаралық қызмет көрсету экспорты мен импортын бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес «Сапарлар» бабы, ең алдымен, келушілер (Қазақстандағы резидент еместер, шет елдердегі резиденттер), егер олардың келу мерзімі бір жылдан аспаса, осы елде сатып алған сол тауарлар мен қызмет көрсетулерді қамтиды. Төлем балансында осы бап бойынша тіркелетін сома келушілердің келген елінде тауарларды және қызмет көрсетуді сатып алуға арналған шығыстарының құнын бағалауды білдіреді. Бұл топқа есебі «Жолаушылар тасымалдау» бабы бойынша жүргізілетін халықаралық қатынас жолаушыларын (билеттің құны) тасымалдау кірмейді.

«Сапарлар» бабы бойынша қызмет көрсету экспорты/импорты бір сапарға жұмсалатын орташа шығыс нормасы мен барушылар/келушілер санының көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Бір сапарға орташа шығыс нормасы Қазақстанның шекарасынан өтетін жеке тұлғаларды бару/келу елдері және мақсаттары (қызмет бабымен, туризм, жеке мақсатпен) бөлігінде зерттеу нәтижелері бойынша айқындалды.

Азаматтығы, сапар мақсаттары және елдер бойынша барушылардың/келушілердің саны жөніндегі бастапқы ақпарат Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара Қызметінің және Ресей Федерациясының Федералдық Шекара Қызметінің деректері болып табылады.

Бұл нормативтер «Сапарлар» бабын есептеу үшін 2001 жылдың 1-тоқсанынан бастап қолданылуда.

V.4-қосымша

«Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары» бабын бағалаудың әдістемелік қағидаттары

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес «Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары» өз елінен тыс жерде бір жылдан астам болатын, яғни қабылдаушы елдің резиденттері болып табылатын еңбек мигранттарының аударымдарын есепке алады.

Қазақстан төлем балансының *Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары* бабы жеке тұлғалардың резиденттігі, жіберуші/алушы елдер және аударым мақсаттары бөлігінде халықаралық аударымдары туралы банк статистикасының деректері бойынша қалыптастырылады. Бұл ретте осы қаражаттардың шығу тегі және оларды жіберушілердің азаматтығы туралы мәліметтер банк есептілігінде болмайды. Өтеусіз ақша аударымдары туралы есептік деректерде сатып алынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерге ақы төлеуге арналған қаражаттар ағыны туралы деректердің (ақша аударымдары көлемін елдер бойынша бөлу ескерілген) болуын назарға ала отырып, жіберушілер өтеусіз ретінде жіктейтін жеке аударымдардың жалпы сомасындағы жеке тұлғалардың өтеусіз аударымдарының үлестік көлемін бағалау жүзеге асырылады. Осылайша, қаралып отырған бап бойынша Ұлттық Банктің бағалауы ескеріле

отырып, банк статистикасының деректері бойынша жеке тұлғалардың трансшекаралық өтеусіз аударымдары көрсетіледі.

Қолданылатын бағалауға әдістемелік тәсілдер 2010 жылғы желтоқсанда қазақстандық банктердің қатысуымен ақша аударымдарын жіберуші жеке тұлғалардың жасырын зерттеулері бойынша әзірленді. Зерттеу нәтижелері негізінде өтеусіз аударымдардың үлесін есептеу үшін орташа мөлшердегі коэффициенттер алынды, бұл ретте коэффициенттер елдер, аударым бағыттары (Қазақстаннан/Қазақстанға) және ақша аударымдары тәсілдері (банк шотын пайдалана отырып және халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы) бөлігінде бағаланды.

Бұл коэффициенттер 2009 жылдың 1-тоқсанынан бастап *Жұмыс істейтіндердің ақша аударымдары* бабын бағалау үшін қолданылды. Бұл ретте осы бапта көрсетілген кезеңнен бастап халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы жүзеге асырылған операциялар есепке алынды.

V.5-қосымша

Нақты тиімді айырбастау бағамының индексін есептеу әдістемесі

Теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының индексі (REER - Real effective exchange rate) теңгенің Қазақстанның негізгі сауда әріптестері валюталары қоржынына қатысты айырбастау бағамының орташа алынған, салыстырмалы бағалардың өзгерісіне түзетілген өзгеруін білдіреді.

Индекстің ұлғаюы/төмендеуі теңгенің Қазақстан сауда операцияларын жүзеге асыратын елдер валютасының қоржынына қатысты нақты қымбаттайтынын/арзандайтынын көрсетеді, яғни, басқадай тең жағдайларда отандық өндірушілер ішкі және сыртқы нарықтарда азырақ/көбірек қолайлы бәсеке жағдайын бастан кешеді.

Нақты тиімді айырбастау бағамы (НТАБ) индексін есептеу алгоритмі

Бастапқы өлшемдер

1. Республиканың жалпы тауар айналымындағы Қазақстанның сауда әріптестерінің үлес салмағы. Индексте ұсынылған елдерді іріктеу республиканың ресми тауар айналымының орта есеппен 90% қамтиды.
2. Сауда әріптестері елдердің долларға қатысты номиналды айырбастау бағамы.
3. Сауда әріптестері ретіндегі елдердің ТБИ-інің өзгеруі.
4. Теңгенің долларға қатысты айырбастау бағамы.
5. Қазақстанның ТБИ-інің өзгеруі.
6. Индекс есептелетін базалық кезеңді таңдау.

Деректердің өзгеруі

- Сауда әріптестерінің үлес салмағын қалыпқа келтіру, w_i әріптес елдер саудасының тауарлардың сыртқы сауда айналымының жалпы көлеміндегі үлес салмағын алу:

Ағымдағы жылғы индексті есептеу үшін үлес салмағы осы елдің өткен үш жылдағы елдер тобының жиынтық тауар айналымындағы үлес салмағын орташаландыру арқылы есептеледі.

$$w_{ji} = \frac{t_{j(i-1)} + t_{j(i-2)} + t_{j(i-3)}}{T_{i-1} + T_{i-2} + T_{i-3}}$$

мұндағы

- w_{ji} - осы елдің тауар айналымының топтың жиынтық тауар айналымындағы ағымдағы жылғы үлес салмағы
- $T_{i-1...i-3}$ - елдер тобының өткен үш жылдағы тауар айналымы
- $t_{j(i-1)...t_{j(i-3)}}$ - осы ел бойынша өткен үш жылдағы тауар айналымы

Осылайша, 1999 жылғы НТАБ индексін есептеу үшін 1996-98 жж., 2000 жылғы – 1997-99 жж. және т.б. сыртқы сауда деректерінде есептелген үлес салмағы пайдаланылады. 1995-1997 алдындағы үш жылғы кезеңнің деректері болмауы себепті НТАБ индексін есептеуде осы жылдар үшін 1995-1997 жж. сыртқы сауда деректері бойынша орта есеппен алынған үлес салмағы пайдаланылады.

- Негізгі кезеңге қатысты ТБИ-ді қайта құру
- S_i^T сауда әріптестері елдерінің әрбір есептік кезеңге теңгенің шетел валютасы бірлігіндегі кросс-бағамының есебі:

Теңгенің кросс-бағамы = Шетел валютасының АҚШ долларына қатысты бағамы/теңгенің долларға қатысты бағамы

Нақты тиімді айырбастау бағамының индексін есептеу (НТАБ)

I. Есептік кезеңде базалық кезеңмен салыстырғанда теңгенің айырбастау бағамының өзгеру индексін есептеу:

$$\Delta S_i = S_i^T / S_i^0,$$

мұндағы

- ΔS_i - теңгенің есептік кезеңдегі шетел валютасы бірлігімен көрсетілген айырбастау бағамының өзгеруі (кері баға белгілеу);
 S_i^T - теңгенің есептік кезеңдегі бағамы;
 S_i^0 - теңгенің базалық кезеңдегі бағамы.

II. Номиналдық тиімді айырбастау бағамының индексін есептеу (NEER)

$$NEER = 100 * \Pi_i (\Delta S_i)^{w_i}$$

мұндағы

- w_i - i-ші елдің республиканың тауар айналымындағы үлес салмағы;
 Π_i - елдер тобы бойынша елдің республиканың тауар айналымындағы нормаға келтірілген үлес салмағын ескере отырып, сауда әріптестерінің валюталарына теңгенің айырбастау бағамы өзгеруінің индексін шығару.

III. Нақты тиімді айырбастау бағамының индексін (REER) есептеу

$$REER = 100 * \Pi_i (\Delta S_i * (P^d / P_i^f))^w$$

мұндағы

- P_i^f - Қазақстанның сауда әріптесі i-ші елдегі баға деңгейі;
 P^d - Қазақстандағы баға деңгейі;
 Π_i - елдер тобы бойынша республиканың тауар айналымындағы елдің нормаға келтірілген үлес салмағын ескере отырып, сауда әріптестеріне қатысы бойынша салыстыра алғандағы баға индексін түзетілген теңгенің айырбастау бағамының өзгеру индексін есептеу.

Республиканың тауар айналымындағы сауда әріптесінің үлес салмағын анықтау кезінде үш жылғы кезеңді пайдалану неғұрлым ымыраға келу нұсқасы болып табылады. Мұндай тәсіл әр түрлі қысқа мерзімді факторлардың сауда ағындарына тигізетін ықпалын білдірмеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар сауданың ескі құрылымы салмақтау схемасы бойынша көрсетілетіндіктен, тәуекел айтарлықтай емес. Сауда ағындарын географиялық бөлу кезінде болатын өзгерістер белгілі бір кезеңде ақпаратты алу бойынша үлесті жандандыру арқылы ескеріледі. Қазақстанның Ұлттық Банкі үлес салмағын жыл сайынғы негізде анықтайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі талдау мақсатында мұнаймен және газ конденсатымен сауда операцияларын қоспай есептелген сауданың үлес салмағы негізінде нақты тиімді айырбастау бағамы индексін де есептейді (коды ТН СЭҚ - 2709). Айырбастау бағамының тауарлардың осы тобының экспортерлері мен импортерлерінің бәсекелестік артықшылығына ықпалы айтарлықтай болмағандықтан (бұл жағдайда айқындаушы фактор энергия көздеріне әлемдік осы индексті есептеу айырбастау бағамы өзгеруінің сыртқы сауданың көлемі мен құрылымына тигізетін ықпалына неғұрлым бағаның өзгеруі болып табылады), баламалы баға бере алады.

V.6-қосымша

Жеке сектордың капиталды таза әкелуін/әкетуін есептеу әдісі

Капиталды таза әкелуге/әкетуге төлем балансының қаржылық шотында тіркелген барлық операциялар, сондай-ақ кателер мен кемшіліктер кіреді.

Жеке секторға айқындамасы тар мемлекеттік секторды, яғни Қазақстан Республикасының Үкіметін және Ұлттық Банкті (төлем балансының «мемлекеттік басқару» «орталық банк» секторларын секторын) қоспағанда, барлық резиденттер жатады.

Осы кестенің мақсаттары үшін төлем балансының қаржылық шотында есепке алынатын активтерді таза қабылдау қарама-қарсы белгімен пайдаланылады: активтердің ұлғаюы «минус» белгісімен, азаюы «плюс» белгісімен берілген. Тиісінше, біріктірілген көрсеткіштер де (Капиталды таза әкелу/әкету, Басқа секторлар, мемлекеттік сектордың операциялары, Қаржылық шот (резервтік активтерді қоспағанда)) төлем балансында қарама-қарсы пайдаланылған белгімен берілген. Осылайша, осы кестеде капиталдың әкетілуіне (немесе шығарылуына) сыртқы активтердің өсуіне не сыртқы міндеттемелердің төмендеуіне байланысты операциялар кіреді. Капиталдың келіп түсуі (немесе әкелінуі) сыртқы міндеттемелердің ұлғаюы немесе сыртқы активтердің азаюы есебінен қамтамасыз етіледі.

Сыртқы активтерге резиденттердің шетелдік акцияларға немесе борыштық бағалы қағаздарға инвестициялары, резиденттердің резидент еместерге ұсынған несиелері мен қарыздары, резидент еместердің резиденттерге дебиторлық берешегі, резиденттерге тиесілі шетелдік валюта, резиденттердің шетелдегі шоты және басқа да активтер жатады.

Сыртқы міндеттемелерге резидент еместердің қазақстандық акцияларға немесе борыштық бағалы қағаздарға инвестициялары, резидент еместердің резиденттерге ұсынған несиелері мен қарыздары, резиденттердің резидент еместерге кредиторлық берешегі, резидент еместердің Қазақстан банктеріндегі шоты және басқа да міндеттемелер жатады.

Төлем балансының қателері мен кемшіліктерінің негізінен банктік емес жеке сектордың операциялары есебінен пайда болатындығын болжамдай отырып, бұл бап басқа секторлардың капиталды таза әкелуі/әкетуі есебіне қосылады.

VI қосымша

5ТБН салыстырғанда 6ТБН-ның талаптары өзгеруінің қысқаша тізбесі

	5ТБН сәйкес	6ТБН сәйкес
Ағымдағы операциялар шотындағы баптардың атауы	• Тауарлар • Қызметтер • Кірістер • Ағымдағы трансферттер	• Тауарлар • Қызметтер • Бастапқы кірістер • Қайталама кірістер
Ағымдағы операциялар шотындағы және капиталмен және қаржымен операциялар шотындағы операциялардың белгілері	«+» - кредит (тауарлар мен қызметтердің экспорты, алуға кірістер мен трансферттер) «-» - дебет (тауарлар мен қызметтердің импорты, төлеуге кірістер мен трансферттер) Сальдо = кредит + дебет	«+» - кредит (тауарлар мен қызметтердің экспорты, алуға кірістер мен трансферттер), дебет (тауарлар мен қызметтердің импорты, төлеуге кірістер мен трансферттер) Сальдо = кредит – дебет
Қаржы шотындағы операциялардың белгілері	«+» - міндеттемелердің ұлғаюы, активтердің төмендеуі «-» - активтердің ұлғаюы, міндеттемелердің төмендеуі Сальдо = барлық операциялардың қосындысы	«+» - міндеттемелердің немесе активтердің ұлғаюы, «-» - активтердің немесе міндеттемелердің төмендеуі Сальдо = активтер - міндеттемелер
Қаржы шотының және оның құрамдас бөлігінің сальдосы	Теріс – ресурстардың нетто-әкетілуі, оң – ресурстардың нетто-әкелінуі	Теріс – таза қарыз алу (ресурстардың нетто-әкелінуі), оң – таза кредиттеу (ресурстардың нетто-әкетілуі)
ТБ, ХИП және СБ-ның қаржы шотындағы секторлардың атауы	• Ақша-кредиттік реттеу органдары • Мемлекеттік басқару секторы • Банктер • Басқа секторлар	• Орталық банк • Мемлекеттік басқару органдары • Банктер • Басқа секторлар
ТБ, ХИП және СБ-ға тікелей инвестицияларды ұсыну	Инвестициялардың бағыты бойынша: Шетелге тікелей инвестициялар: • Талаптар • Міндеттемелер Қазақстанға тікелей инвестициялар: • Талаптар • Міндеттемелер	Активтер мен міндеттемелердің қағидаты бойынша Талаптар: • шетелге инвестициялар бойынша • Қазақстанға инвестициялар бойынша Міндеттемелер • шетелге инвестициялар бойынша • Қазақстанға инвестициялар бойынша
Тел кәсіпорындардың операцияларын есепке алу	Қаржы активтері мен міндеттемелерінің санатына қарай басқа инвестицияларда	Тікелей инвестицияларда

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 31 наурыздағы сыртқы борышы

2013 жылғы 1-тоқсаннан бастап Қазақстанның сыртқы борышы «Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі нұсқаулық» (ТБН6) алтынышы басылымның ережелеріне сәйкес қалыптастырылады. Негізгі әдіснамалық өзгерістер интернет-ресурстағы мына мекенжай: <http://www.nationalbank.kz/?docid=26> бойынша орналастырылған Ұлттық Банктің №25 баспасөз релизінде келтірілді. ТБН6-ға, Сыртқы борыш жөніндегі нұсқаулыққа¹ сәйкес және жаңғыртылған дерек негізінде сыртқы борыш статистикасын толыққанды қалыптастыруды 2014-2015 жылдары жүзеге асыру жоспарланды.

Жалпы сыртқы борыш осы елдің резиденттерінің негізгі борышты және/немесе пайыздарды төлеуді талап ететін резидент еместер алдындағы белгілі бір уақытқа өтелмеген нақты және ешбір негізделмеген міндеттемелерін білдіреді. Сонымен қоса фирмааралық берешекке қарыз алушының операциялық қызметі нәтижесіндегі негізгі борышты және/немесе пайыздарды төлеу мерзіміне қарай көрінетін белгілі бір негізділік дәрежесі тән. Сыртқы борышты басқаруда мемлекеттің фирмааралық берешегімен байланысты жүйелік тәуекелдері өте төмен бағаланады, себебі тікелей инвестор-кредитор оның қызметіне қатысу арқылы қарыз алушының төлем қабілетсіздігі тәуекелін бөліседі. Согоан байланысты сыртқы борыш құрылымында қазақстандық банктер мен кәсіпорындардың шетелдік тікелей инвесторлар, шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындары алдындағы, сондай-ақ шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелерін қамтитын фирмааралық берешегі жеке бөлек алынады.

1. Қазақстан Республикасы сыртқы борышының жай-күйі

2013 жылғы 31 наурызда Қазақстан Республикасының сыртқы борышы 140,0 млрд. АҚШ долл. (бұдан әрі – млрд. долл.) құрады, оның 69,6 млрд. долл. фирмааралық берешекке, 12,7 млрд. долл. – «Банктер»² секторының сыртқы борышына тиесілі және 5,2 млрд. долл. мемлекеттік сектордың сыртқы борышын³ құрайды. Қалған бөлігі «Басқа секторлардың»⁴ үлестес емес резидент еместер алдындағы берешегіне тиесілі (1-диаграмма).



2013 жылғы 1-тоқсанда сыртқы борыш 2,9 млрд. долл. ұлғайды, бұл ең алдымен фирмааралық берешектің өсуі (+3,1 млрд. АҚШ долл.) есебінен қалыптасты. Бұл ретте, экономиканың «Басқа секторларының» сыртқы борышы кезең ішінде 0,9 млрд. АҚШ долл.

¹ Жаңа редакциядағы «Сыртқы борыш статистикасы. Құрастырушылар мен пайдаланушыларға арналған нұсқаулық» әзірлеу сатысында.


² Екінші деңгейдегі банктерден және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-дан тұрады

³ «Мемлекеттік басқару органдарынан» (Қазақстан Республикасының Үкіметі) және «Орталық Банктен» (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі) тұрады

⁴ Банктік емес қаржы корпорацияларын, қаржылық емес корпорацияларды, сондай-ақ үй шаруашылықтарын және үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдарды қамтиды

ұлғайды, ал мемлекеттік сектордың және «Банктердің» сыртқы міндеттемелері төмендегенін (кезең ішінде тиісінше -0,3 және -0,9 млрд. АҚШ долл.) көрсетті.

2-диаграммада ҚР Үкіметінің, ҚР Ұлттық Банкінің, республика кәсіпорындарының мемлекет кепілдігі бар кредиттері бойынша сыртқы берешегінен тұратын мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борышқа және мемлекет кепілдік бермеген сыртқы борышқа бөлінген сыртқы борыш туралы ақпарат берілген.



Сыртқы борышты басқару бойынша мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борышқа байланысты жүйелік тәуекелдердің едәуір жоғары бағаланатынын ескерсек, 2013 жылғы 1-тоқсанның соңында сыртқы борыш құрылымындағы бұл борыш санатының үлесі 4%-ды құрайтынын атап өткен жөн.

2. Сыртқы борыш құрылымындағы секторлар мен құралдар бойынша кезең ішіндегі негізгі өзгерістер

ҚР Үкіметінің сыртқы борышының төмендеуі (2-кесте) негізінен сыртқы қарыздарды (143,3 млн. долл.), ең бастысы шағын бизнесті мемлекеттік қолдауды қаржыландыру үшін тартылған сыртқы қарыздарды өтеу есебінен болды.

1-кесте. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш

(млн. долл.)

	31.12.08	31.12.09	31.12.10	31.12.11	31.12.12	31.03.13
Мемлекеттік борыш:	1 654,0	3 235,6	4 800,9	5 050,6	5 473,9	5 190,6
ҚР Үкіметі	1 641,9	2 218,1	3 800,3	4 487,3	4 855,0	4 656,4
ҚР Ұлттық Банкі	12,1	1 017,5	1 000,6	563,3	618,9	534,2
Мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш («Басқа секторлар»)	513,0	486,2	310,5	442,0	470,6	471,7
Барлығы	2 167,0	3 721,8	5 111,4	5 492,6	5 944,5	5 662,3

Қолдағы қарыздар бойынша қарыз қаражатын игерудің жалғасуы, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жобасы шеңберінде («Алматы–Хоргос», «Шымкент–Ташкент» учаскелері және т.б.) жаңа үкіметтік сыртқы қарыздар туралы келісімдерге қол қою, сондай-ақ 2013 жылы кемінде 1 млрд. долл. сомасына ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигацияларын


шығару жоспарлары ағымдағы жылы ҚР Үкіметінің сыртқы борышының өсуі жалғаса түсетінін дәлелдейді.

ҚР Ұлттық Банкінің сыртқы міндеттемелері 2013 жылғы 1-тоқсанда 84,7 млн. долларға, негізінен бағамдық ауытқулар негізінен төмендеді.

Мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш 2013 жылғы 1-тоқсанда іс жүзінде өзгерген жоқ (+1,1 млн. долл.), өйткені игеру (6,2 млн. долл.) тартылған сыртқы қарыздар бойынша өтеумен (4,3 млн. долл.) және бағамдық ауытқулармен (-0,8 млн. долл.) өтелді.

2013 жылғы 1-тоқсанда **«Банктердің»** сыртқы борышының төмендеуіне негізінен тартылған сыртқы қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу (1,5 млрд. АҚШ долл.) себепші болды.

2013 жылғы 1-тоқсанда сыртқы борыштың аздап төмендеуі «Борыштық бағалы қағаздарды» (кезең ішінде +0,5 млрд. АҚШ долл.) қоспағанда, «Банктер» секторының барлық құралдары бойынша байқалды (3-диаграмма). Аталған ұлғаю негізінен «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ға 425 млн. АҚШ долл. сомасына еурооблигацияларды (6-шы шығарылым шеңберінде 1 млрд. 425 млн. АҚШ долл.) толықтырып орналастыруға, сондай-ақ «Банктер» секторы эмитенттерінің бағалы қағаздарының нарықтық құнының өзгеруіне және бағамдық ауытқуларға (+0,1 млрд. АҚШ долл.) байланысты орын алды.



2013 жылғы 1-тоқсаннан бастап **«Басқа секторлардың»** сыртқы борышының құрылымында банктік емес қаржы ұйымдарының («Басқа қаржы ұйымдары») және қаржылық емес ұйымдардың, үй шаруашылықтарының және үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың («Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылықтары, ҮШҚКЕҰ») сыртқы борышы айырықша көрінді.

«Басқа секторлардың» сыртқы борышының ұлғаюы 2013 жылғы 1-тоқсанда негізінен қаржылық емес сектор резиденттерінің сыртқы қарыздарын, әсіресе ірі мұнайгаз жобаларын (мысалы, мұнай құбыры жүйесін кеңейтуге бағытталған, жалпы сомасы 500 млн. долл. дейін «Қазақстан құбыр жүргізу консорциумы» АҚ-ның синдикатталған қарызы), өндіру саласындағы жобаларды және өзге де инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталған сыртқы қарыздарды белсенді түрде игеру есебінен орын алды.

Аталған өсім олардың өтелуімен (1,9 млрд. долл.), сыртқы кредиттік берешектің төмендеуімен (-0,4 млрд. долл.), сондай-ақ құндық және бағамдық ауытқулардың салдарынан резидент эмитенттердің еурооблигациялары құнының азаюымен (-0,5 млрд. АҚШ долл.) ішінара нивелирленді.

Осылайша, «Басқа секторлардың» сыртқы борышының өсуі 2013 жылғы 1-тоқсанда «Басқа қаржылық ұйымдардың» сыртқы міндеттемелері біршама төмендегеніне қарамастан,

«Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылықтары, ҮШҚКЕҰ» сыртқы борышының ұлғаюына (+0,9 млрд. долл.) негізделді.

«Басқа міндеттемелер» бабы бойынша 117 млн. долларға ұлғаю әдіснамалық өзгерістерге, атап айтқанда 2013 жылғы 1-тоқсаннан бастап осы бапқа сақтандыру резервтері бөлігінде Қазақстанның сақтандыру ұйымдарының резидент емес алдындағы міндеттемелерін көрсететін «Сақтандыру мен зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдіктер бағдарламалары» сияқты құралдың қосылуына байланысты орын алғанын атап өткен жөн.

Жоғарыда атап өткендей, 2013 жылғы 1-тоқсанда сыртқы борыштың ұлғаюына негізінен **фирмааралық берешектің** өсуі, атап айтқанда тікелей шетелдік инвесторлар алдындағы сыртқы міндеттемелердің өсуі әсер етті (2-кесте).

2-кесте – Тікелей инвестициялар: фирмааралық берешек

млн. АҚШ долл.

	31.12.10	31.12.11	31.12.12	31.03.13	2013 жылғы 1-тоқс. ішіндегі өсім
1. Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы міндеттемелері	49 721,8	57 769,5	63 050,4	65 783,1	+2 732,7
2. Қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындарының инвесторлар алдындағы міндеттемелері (кері инвестициялау)	2 553,0	2 597,8	3 429,3	3 443,7	+14,4
3. Қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелері*	0,0	0,0	0,0	389,1	+389,1
Фирмааралық берешек	52 274,7	60 367,3	66 479,6	69 615,9	+3 136,3
<i>сыртқы борышқа %-бен</i>	<i>44%</i>	<i>48%</i>	<i>49%</i>	<i>50%</i>	
оның ішінде шетелдік компаниялар филиалдарының сыртқы берешегі	38 885,8	46 577,8	51 293,7	52 718,6	+1 424,9
<i>сыртқы борышқа %-бен</i>	<i>33%</i>	<i>37%</i>	<i>37%</i>	<i>38%</i>	

* Қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы сыртқы міндеттемелерінің динамикасы кейіннен жаңартылатын болады.

Аталған өсу негізінен резидент емес тікелей инвесторлардың тауар түрінде және ақшалай нысанда кредиттер беруіне, сондай-ақ тікелей инвесторлардың кейінгі кезеңдерде төлеуі тиісті дивидендтерді есептеуіне байланысты болды.

3. Сыртқы борыштың абсолюттік және салыстырмалы өлшемдері

2013 жылғы 1-тоқсанда тауарлар мен қызметтер экспортының (ТҚЭ) және жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсу қарқынының төмендеуі аясында осы көрсеткіштерге байланыстырылған сыртқы борыштың салыстырмалы өлшемдері шамалы нашарлады.

Атап айтқанда, 2013 жылғы 31 наурыздағы сыртқы борыштың ЖІӨ-ге қатынасы 2012 жылдың соңындағы 67,7%-ға қарсы 68,0% болды, ал сыртқы борыштың ТҚЭ-ге қатынасы 2012 жылдың соңындағы 141,2%-ға қарсы 146,5% болды.

Бұл ретте, жоғарыда атап көрсетілгендей, фирмааралық берешекке қарыз алушының операциялық қызметі нәтижесіндегі негізгі борышты және/немесе пайыздарды төлеу мерзіміне қарай көрінетін белгілі бір негізділік дәрежесі тән. Тиісінше, халықаралық тәжірибеде елдің сыртқы борышының абсолюттік және салыстырмалы өлшемдерін талдау кезінде фирмааралық берешекті алып тастау қолданылады (3-кесте).

3-кесте – Қазақстан Республикасы сыртқы борышының салыстырмалы өлшемдері

	Коэффициенттер, %			
	Сыртқы борыш/ЖІӨ	Сыртқы борыш/ЖІӨ (фирмааралық берешексіз)	Сыртқы борыш/ТҚЭ	Сыртқы борыш/ТҚЭ (фирмааралық берешексіз)
31.12.2008 ж.	80,9	50,7	141,3	88,7
31.12.2009 ж.	98,3	55,1	234,3	131,3
31.12.2010 ж.	79,9	44,5	180,1	100,5
31.12.2011 ж.	66,7	34,5	136,1	70,5
31.12.2012 ж.	67,7	34,9	141,2	72,7
31.03.2013 ж.	68,0	34,2	146,5	73,6

2013 жылғы 31 наурызда бастапқы өтеу мерзімі бойынша қысқа мерзімді сыртқы борыштан 3,1 есе артық болған Ұлттық Банктің халықаралық резервтері сыртқы активтердің маңызды, әсіресе валюталық өтімділікпен байланысты проблемаларды реттеу жағынан маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Сондай-ақ, қысқа мерзімді сыртқы борыш көлемі 2013 жылғы 1-тоқсан соңындағы жағдай бойынша алдыңғы кезеңдерде сыртқы борыштың 8% орташа мәні кезінде сыртқы борыштың 6%-ын құрайтынын атап көрсеткен жөн.

Қазақстанның халықаралық резервтері 2013 жылғы 31 наурызда өтегенге дейін қалған мерзім бойынша қысқа мерзімді борышты (соңғы 12 ай ішінде есептелуі мүмкін сыйақы бағасын қоса алғанда) 102%-ға жабады. Гвидотти (Гринспен-Гвидотти) ережесіне сәйкес бұл арақатынас сыртқы борыш бойынша төлемдердің жылдық көлемінің жаңадан қарыз алмай жабылғанын көрсетеді және әлемдік қаржы нарықтарына айтарлықтай, бірақ тұрақты қол жетпейтін елдер үшін кемінде 1 немесе 100% болуы тиіс.

Елдің сыртқы міндеттемелерінің өсімі 2013 жылғы 1-тоқсанда сыртқы борыштық активтердің өсу қарқынынан басым болуының арқасында Қазақстанның таза сыртқы борышы кезең ішінде 3,4 млрд. АҚШ долларына ұлғайып, 2013 жылғы 31 наурызда 17,3 млрд. долларды құрады.

Мемлекеттік сектор мен «Банктер» секторы басқа елдермен салыстырғанда бұрынғысынша таза кредитор позициясын тиісінше 66,9 млрд. долл. және 9,8 млрд. долл. көлемінде сақтап қалғанын атап өткен жөн.

Сыртқы борыш: стандарттық ұсыным

млн. АҚШ долл.

	Жол коды	31.12.2005 ж. жай-күйі	31.12.2006 ж. жай-күйі	31.12.2007 ж. жай-күйі	31.12.2008 ж. жай-күйі	31.12.2009 ж. жай-күйі	31.12.2010 ж. жай-күйі	31.12.2011 ж. жай-күйі	31.12.2012 ж. жай-күйі	31.03.2013 ж. жай-күйі
Сыртқы борыш	1=2+3= 4+18+32+45+64	43 428,5	74 014,1	96 893,0	107 933,4	112 866,9	118 222,8	125 195,0	137 051,0	139 953,5
<i>Қысқа мерзімді</i>	2=5+19+33+46	8 102,4	12 445,2	11 529,7	9 486,8	6 985,1	8 864,5	8 755,6	9 344,5	8 936,5
<i>Ұзақ мерзімді</i>	3=11+25+39+53+64	35 326,1	61 568,9	85 363,3	98 446,6	105 881,8	109 358,3	116 439,4	127 706,5	131 017,0
Мемлекеттік басқару органдары	4=5+11	1 478,9	1 495,2	1 491,5	1 641,9	2 218,1	3 800,3	4 487,3	4 855,0	4 656,4
<i>Қысқа мерзімді</i>	5=6+7+8+9+10	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	7,8	0,0	0,1
Қолма-қол валюта және депозиттер	6	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	7	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	7,8	0,0	0,0
Кредиттер мен қарыздар	8	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттері мен аванстар	9	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,1
Басқа да міндеттемелер	10	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
<i>Ұзақ мерзімді</i>	11=12+13+14+15+16+17	1 478,9	1 495,2	1 491,5	1 641,9	2 218,1	3 800,3	4 479,5	4 855,0	4 656,3
Қарыз алудың арнайы құқықтары	12	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	13	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	14	52,3	53,1	60,3	23,8	0,0	49,1	23,8	14,1	14,1
Кредиттер мен қарыздар	15	1 426,6	1 442,1	1 431,2	1 618,1	2 218,1	3 751,2	4 455,7	4 840,9	4 642,2
Сауда кредиттері және аванстар	16	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да міндеттемелер ²	17	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Орталық банк	18=19+25	103,5	1 076,8	106,9	12,1	1 017,5	1 000,6	563,3	618,9	534,2
<i>Қысқа мерзімді</i>	19=20+21+22+23+24	101,6	1 074,9	105,0	10,2	479,7	470,4	36,3	88,1	16,8
Қолма-қол валюта және депозиттер	20	1,0	0,8	0,0	0,3	103,6	239,5	16,5	88,1	16,8
Борыштық бағалы қағаздар ¹	21	99,8	1 073,0	104,8	10,0	376,1	230,9	19,8	0,0	0,0
Кредиттер және қарыздар	22	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттері және аванстар	23	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да міндеттемелер	24	0,9	1,2	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
<i>Ұзақ мерзімді</i>	25=26+27+28+29+30+31	1,9	1,9	1,9	1,9	537,8	530,2	526,9	530,8	517,4
Қарыз алудың арнайы құқықтары	26	0,0	0,0	0,0	0,0	536,8	529,2	525,9	529,8	516,4
Қолма-қол валюта және депозиттер	27	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	28	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Кредиттер мен қарыздар	29	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттер және аванстар	30	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа міндеттемелер ²	31	1,9	1,9	1,9	1,9	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0
Банктер	32=33+39	15 316,3	33 323,4	45 946,2	39 221,2	30 190,1	19 947,9	14 601,2	13 578,7	12 703,7
<i>Қысқа мерзімді</i>	33=34+35+36+37+38	6 297,2	7 465,5	6 102,8	3 093,4	1 646,2	1 622,5	1 043,1	1 645,0	1 369,7
Қолма-қол валюта және депозиттер	34	804,2	1 297,9	1 863,9	702,7	837,6	1 275,4	771,9	1 203,3	1 016,4
Борыштық бағалы қағаздар ¹	35	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Кредиттер және қарыздар	36	5 318,2	5 801,4	3 747,5	2 010,9	353,1	227,7	130,8	360,9	289,4
Сауда кредиттері және аванстар	37	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да міндеттемелер	38	174,8	366,2	491,4	379,7	455,5	119,4	140,3	80,8	63,9
<i>Ұзақ мерзімді</i>	39=40+41+42+43+44	9 019,1	25 857,9	39 843,4	36 127,8	28 543,9	18 325,3	13 558,2	11 933,6	11 334,0
